



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ  
ЖАҢА МОДЕЛІ ҰСЫНЫЛДЫ



2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанның құрылыс құқығы жаңа даму кезеңіне қадам басты. ҚР Құрылыс кодексінің қабылдануы заңнаманы кезекті жаңарту ғана емес, ұлттық құқықтық жүйедегі маңызды бетбұрыс болды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет сәулет, қала құрылысы және құрылыс салалары көптеген заңдарды, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді және құрылыс нормаларын бір жүйеге біріктірген бірыңғай кодификацияланған құқықтық реттеуге ие болды.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚҰРЫЛТАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ  
УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының  
Орталық сайлау комиссиясы

ҚҰРЫЛТАЙ  
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН  
ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz



КЕЛБЕТ

Еліміздегі сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың бірі Әлихан Шәріповтің есімін біреу біліп, біреу білмес. Алайда бұл кісі Қызылорда топырағынан жаралып, бүкіл ғұмырын сот төрелігін жүзеге асыруға және құқықтық жүйенің кәсіби негіздерін нығайтуға арнаған мемлекет және қоғам қайраткері еді.

ҰМЫТЫЛМАС  
ҒҰМЫР



Әлихан Шәріпов 1923 жылғы 20 сәуірде Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келген. Оның балалық және жастық шағы ел тарихындағы аштық, соғыс сияқты аса күрделі кезеңдермен тұспа-тұс келді. Соған қарамастан, ол жастайынан білімге ұмтылып, ізденіске бейім болып өсті. Болашақ тағдырын құқық саласымен байланысты-

рып, әділдік пен заңдылықты өмірлік мұратына айналдырды.

Еңбек жолын небәрі он алты жасында, 1939 жылы Қызылорда қаласындағы халық сотында іс жүргізуші қызметінен бастады. Бұл оның құқық саласындағы алғашқы мектебі еді. Жас маман сот ісін жүргізудің қыр-сырын меңгеріп, заң талаптарын сақтаудың маңызын жастайынан түсінді.

1940 жылдың қаңтарынан 1941 жылдың сәуіріне дейін Қызылорда қаласының №1 учаскелік халық сотында іс жүргізуші болып қызмет етсе, кейін осы сотта сот мәжілісінің хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде ол сот жүйесінің ішкі тәртібін, іс жүргізудің қыры мен сырын жетік меңгеріп, сотқа келген адамның мұң-мұқтажын тыңдай білді.

Әлихан Шәріпов 1941 жылы халық соттарының техникалық қызметкерлерін қайта даярлауға арналған үш айлық заң курсын табысты аяқтап, кәсіби білімін жетілдіру жолында маңызды қадам жасады. Бұл оқу оның заң саласындағы біліктілігін арттырып, алдағы жауапты қызметтерге дайындалған маңызды кезең болды.

(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ



Қауіпсіздік  
формуласы

5-БЕТ



Қазақстандағы  
судьяларды  
конкурстық іріктеу:  
қалыптасуы мен  
даму үрдістері

8-БЕТ



Ақ көйлек



КЕЛБЕТ

# ҰМЫТЫЛМАС ҒҰМЫР

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Ал, 1942 жылдың мамыр айында Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанды. Алайда, денсаулығына байланысты сол жылдың қазан айында әскери қызметтен босатылды.

Елге оралғаннан кейін ол майдандағы ерлік пен тылдағы еңбектің ортақ мақсатқа қызмет ететінін терең түсініп, сот жүйесіндегі кәсіби қызметін жалғастырды. 1942 жылдың қараша айынан 1944 жылдың шілде айына дейін Қызылорда қаласындағы №2 учаскелік халық сотында сот орындаушысы болып еңбек етті. Өз ісіне деген жауапкершілігі, жоғары кәсіби дайындығы мен ұйымдастырушылық қабілеті оның қызметтік өсуіне жол ашты. Нәтижесінде, 1944 жылдың наурыз айынан 1946 жылдың наурызына дейін осы сотта халық судьясы қызметін атқарды.

Халық судьясы ретінде Әлихан Шәріпов заң талаптарын мүлтіксіз сақтауды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды басты қағидатына айналдырды. Ол әрбір істі жан-жақты зерделеп, әділ шешім қабылдауға ерекше мән берді. Оның кәсіби білімі, іскерлігі мен адамгершілік қасиеттері жоғары басшылық тарапынан үнемі бағаланып отырды.

1946 жылдың наурыз айында Әлихан Шәріпов Қызылорда облыстық Әділет министрлігі басқармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл лауазымда ол 1950 жылдың қазанына дейін еңбек етіп, өңірдегі әділет органдарының жұмысын жетілдіруге, сот жүйесінің тұрақты дамуына және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби білімі әділет саласындағы маңызды міндеттерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Кәсіби біліктілігін үнемі арттыруды мақсат еткен Әлихан Шәріпов 1950 жылы Алматы заң мектебін

тәмамдап, кейін Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетін толық аяқтады. Осылайша, ол тәжірибелік қызмет пен теориялық білімді ұштастыра отырып, заң саласының терең білгірі, жоғары білікті маман ретінде қалыптасты.

1953 жылдың сәуір айынан қыркүйек айына дейін Ауыл шаруашылығы министрлігінің жайылымдық-мелиорациялық тресінде заң кеңесшісі болып еңбек етті. Мекеме таратылғаннан кейін де ол құқық саласындағы қызметін жалғастырып, 1953–1957 жылдары әртүрлі мемлекеттік мекемелерде заң кеңесшісі ретінде жұмыс атқарды. Осы кезеңде мол тәжірибе жинақтап, заңнаманы қолдану мен құқықтық сараптама жүргізудің қыр-сырын жетік меңгерді.

1957 жылдың шілде айында Әлихан Шәріпов Қызылорда облыстық сотының мүшесі болып сайланды. Бұл оның көп жылғы табанды еңбегінің және кәсіби шеберлігінің заңды нәтижесі еді. Облыстық сот құрамында ол күрделі азаматтық және қылмыстық істерді қарауға қатысып, сот тәжірибесін жетілдіруге және заңдылық қағидаттарын нығайтуға белсенді атсалысты.

1958 жылғы 16 қазаннан 1960 жылдың қазанына дейін Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Бұл қызметте ол сот төрелігінің сапасын арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ерекше назар аударды.

Әлихан Шәріпов 1960 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының мүшесі болып сайланды. Бұл – оның ұзақ жылғы адал еңбегі мен жоғары кәсіби деңгейінің мойындауы еді. Ал, 1974 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Соты төрағасының орынбасары қызметіне сайланып, Республиканың сот жүйесін жетілдіру ісіне айрықша үлес қосты.

Жоғарғы Соттағы қызмет жылдарында Әлихан Шәріпов сот тәжірибесін біріздендіруге, заң-

дылық қағидаттарын орнықтыруға, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және сот төрелігінің беделін арттыруға күш салды. Ол жас судьялар мен заңгерлерді тәрбиелеуге, олардың кәсіби біліктілігін қалыптастыруға да зор көңіл бөлді.

Әлихан Шәріпов өз дәуірінің көрнекті заңгерлерінің бірі ретінде танылды. Оның есімі талапшы басшы, әділ судья, терең білімді маман және парасатты азамат ретінде әріптестері арасында үлкен құрметке ие болды.

Әлихан Шәріповтің кәсіби қызметі тек сот төрелігін жүзеге асырумен ғана шектелмей, қоғамдық жұмыстармен де тығыз сабақтасты. Ол 1940 жылдан бастап сот және прокуратура қызметкерлері кәсіподағының мүшесі ретінде заң саласы қызметкерлерінің мүддесін қорғауға, олардың кәсіби беделін арттыруға бағытталған қоғамдық бастамаларға белсене араласты. Өзінің мол тәжірибесі мен білімі арқылы жас заңгерлерге бағыт-бағдар беріп, құқықтық мәдениетті қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосты.

Оның ұзақ жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Әлихан Шәріпов «Құрмет белгісі» орденімен және бірқатар Кеңес Одағының медальдарымен марапатталды. Сонымен қатар, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қажырлы еңбегі үшін «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Бұл марапаттар оның ел алдындағы қызметіне, азаматтық жауапкершілігіне және еңбексүйгіштігіне берілген жоғары баға еді.

1982 жылғы 20 сәуірде көрнекті заңгер, тәжірибелі судья, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Шәріпов дүниеден озды. Алайда оның жарқын өмір жолы мен құқық саласына сіңірген еңбегі уақыт өткен сайын өзінің тарихи маңызын жоғалтқан жоқ. Ол Қазақстанның сот жүйесінің қалыптасу кезеңінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, әділдік пен заңдылық қағидаттарын берік ұстанған тұлға ретінде ел жадында сақталды.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі заң үстемдігі, әділ сот төрелігі және азаматтардың құқықтарын қорғау қағидаттары негізінде дамып келеді. Осы тарихи сабақтастықта Әлихан Шәріпов секілді көрнекті заңгерлердің еңбегі



Әділхаді ШЫҒАМБАЕВ,  
Қызылорда облыстық сотының төрағасы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Алайда жаңа кодекстің басты құндылығы оның кодификацияланған сипатында емес. Заң шығарушы құрылыс саласын құқықтық реттеудің түбегейлі жаңа моделін ұсынды. Бұрын мемлекет негізінен орын алған құқық бұзушылықтарға ден қойса, енді негізгі басымдық олардың алдын алуға бағытталып отыр. Цифрлық технологиялар құқықтық реттеу тетігінің ажырамас бөлігіне айналуда, мемлекеттік бақылау тәуекелге бағдарланған модельге көшуде, ал құрылыс процесіне қатысушылардың жауапкершілігі барған сайын дараландырылуда. Алдағы жылдары дәл осы өзгерістер құрылыс саласындағы сот дауларының мазмұны мен сипатын айқындайтын болады.

Жаңа кодекстің ережелерін талдай отырып, менің ойымша, құрылыс саласының дамуына елеулі ықпал ететін әрі болашақтағы сот дауларының өзегіне айналатын жеті негізгі жаңашылдықты бөліп көрсетуге болады. Төмендегі талдау дәл осы жаңашылдықтар туралы өрбиді.

*ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҢА  
ДӘЛЕЛДЕМЕГЕ АЙНАЛАДЫ*

Жаңа Құрылыс кодексіндегі ең көп назардан тыс қалған жаңашылдық – жаңа рұқсат беру рәсімдері де, мемлекеттік бақылау да емес, ең маңызды өзгеріс – цифрлық платформалардың енді мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл құралы ғана болмай, құқықтық реттеудің толыққанды элементіне айналуында.

Егер бұрын электрондық сервистер негізінен құжаттарды ұсыну құралы ретінде пайдаланылса, енді мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің өзі заңдық маңызы бар мән-жайларды растайтын негізгі дәлелдердің біріне айналады. Ақпараттық жүйелердегі жазбалар, электрондық журналдар, цифрлық іздер, құжаттарға енгізілген өзгерістердің тарихы – мұның барлығы біртіндеп соттар зерттейтін дәлелдемелер қатарына қосылады.

Осы тұста заңды сұрақ туындайды: мемлекеттік ақпараттық жүйеде техникалық ақау орын алса, оның салдары үшін кім жауап береді? Егер техникалық ақаудың салдарынан құрылыс салушы құжаттарын уақытылы тіркей алмаса немесе қажетті рұқсатты ала алмаса, сот тәжірибесіне мемлекет пен құрылыс процесіне қатысушылардың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті табуға тура келеді.

*ТЕКСЕРУЛЕР АЗАЯДЫ, БІРАҚ СОТ  
ДАУЛАРЫ КӨБЕЙЕДІ*

Құрылыс кодексі мемлекеттік бақылау жүйесінің философиясын түбегейлі өзгертеді. Мемлекет жаппай тексерулерден біртіндеп бас тартып, тәуекелге бағдарланған бақылау моделіне көшуде.

Шын мәнінде, мемлекеттік бақылаудың негізгі бағыты тексерулерден тәуекелдерді бағалау алгоритмдеріне ауысады. Демек, сот бақылауының нысаны біртіндеп инспектордың нақты әрекеттері емес, тәуекелдерді бағалаудың цифрлық жүйесі қабылдаған шешімдердің қисындылығы мен заңдылығы болмақ.

Бір қарағанда, бұл бизнес үшін жағымды өз-



**Н. Мақсатов, философия ғалымдарының PhD докторы, «Әділет» Жоғары құқық мектебінің қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері**

геріс сияқты көрінеді. Адал кәсіпкерлер шынында да тексерулерге сирек ұшырайтын болады. Алайда сонымен қатар мемлекеттік органдардың объектілерді белгілі бір тәуекел санатына жатқызу туралы шешімдерінің құқықтық маңызы едәуір артады.

Бәлкім, бұл құрылыс саласындағы сот дауларының мүлде жаңа кезеңін қалыптастырады. Даудың мәні енді құқық бұзушылық фактісінің өзінде емес, объектінің жоғары тәуекел санатына заңды түрде жатқызылған-жатқызылмағанында болады. Мемлекеттік орган тәуекелдерді бағалау өлшемдерін қаншалықты объективті қолданды? Лауазымды тұлғаның дискрециялық өкілеттігі негізсіз әкімшілік еркіндікке ұласып кетпей ме?

Дәл осы мәселелер бойынша әкімшілік соттар жаңа кодексті қолданудың алғашқы құқықтық бағдарларын қалыптастыруы тиіс.

*КІНӘЛІНІ АНЫҚТАУ ӘЛДЕҚАЙДА  
КҮРДЕЛЕНЕ ТҮСЕДІ*

Осы уақытқа дейін құрылысқа қатысты даулардың басым бөлігі қарапайым механизм: бойынша шешіліп келді: тапсырыс беруші талаптарын, мердігерге қоятын.

Алайда жаңа құқықтық жағдайда мұндай тәсіл бұрынғы өзектілігін жоғалтады.

Қазіргі заманғы құрылыс – жобалаушыларды, мердігерлерді, техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын мамандарды, сарапшыларды, инженерлер мен тапсырыс берушілерді біріктіретін күрделі жүйе. Олардың кез келгенінің жіберген қатесі елеулі құқықтық салдарға алып келуі мүмкін.

## ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ҰСЫНЫЛДЫ

Сондықтан алдағы сот процестеріндегі басты сұрақ: құқық бұзушылыққа нақты кім жол берді?

Есептеуде жобалаушы қателесті ме? Мердігер құрылыс технологиясын бұзды ма? Техникалық қадағалау маманы ақауды дер кезінде анықтай алмады ма? Әлде құрылыс процесіне қатысушылардың әрқайсысының өз кінәсі бар ма?

Бұл сұрақтарға кешенді құрылыс-техникалық сараптамасыз жауап беру іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан алдағы жылдары сараптамалық қорытындылардың дәлелдемелік маңызы бұрынғыдан да арта түседі деп есептеймін.

*ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ  
ЕНДІ СЫРТТАЙ БАҚЫЛАУШЫ БОЛЫП  
ҚАЛА АЛМАЙДЫ*

Жаңа Кодекстегі ең маңызды өзгерістердің бірі – техникалық және авторлық қадағалау институттарының құқықтық мәртебесінің едәуір күшеюі.

Бұрын техникалық қадағалау инженері көбіне құрылыс барысын ғана тіркейтін тапсырыс берушінің өкілі ретінде қабылданатын. Жаңа Құрылыс кодексі бұл көзқарасты түбегейлі өзгертеді.

Енді техникалық қадағалау құрылыс процесінің дербес қатысушысы ретінде тек тапсырыс берушінің алдында ғана емес, мемлекет алдында да жауап береді. Бұрын қарапайым рәсім ретінде қабылданған қол қойылған акт енді азаматтық, әкімшілік, ал жекелеген жағдайларда өзге де заңдық жауапкершіліктің туындауына негіз болуы мүмкін.

Бұл инженерлік бақылау сапасына қойылатын талаптардың сөзсіз күшеюіне және мамандардың өз кәсіби міндеттеріне деген көзқарасының өзгеруіне алып келеді.

*ЕНДІ ҚҰРЫЛЫСТЫ САПАЛЫ  
ЖҮРГІЗГЕН ЕМЕС, ОНЫ САПАЛЫ ТҮРДЕ  
ҚҰЖАТТАЙ АЛҒАН ТАРАП ЖЕҢІСКЕ  
ЖЕТЕДІ*

Құрылысқа қатысты даулардың басым көпшілігі құрылыс алаңында емес, құжаттар қынағының негізінде шешіледі.

Жаңа Құрылыс кодексі атқарушылық құжаттаманың құқықтық маңызын едәуір күшейтеді. Жұмыс жүргізу журналдары, жасырын жұмыстарды қуалаудың актілері, атқарушылық схемалар және өзге де құжаттар енді құрылыстың техникалық сүйемелдеу құжаттары ғана емес, сот үшін толыққанды дәлелдемелерге айналады.

*ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН  
АЛУҒА КӨШУДЕ*

Көптеген жылдар бойы заңнама негізінен адал емес құрылыс қызметінің салдарын жоюға бағытталып келді.

ерекше орын алады. Оның кәсіби мұрасы – қазіргі судьялар мен заң саласының мамандары үшін тағылымды мектеп, ал өмір жолы – Отанға және заңға адал қызмет етудің биік үлгісі.

Әлихан Шәріповтің есімін мәңгі есте сақтау – өткенге тағзым ғана емес, құқықтық мемлекет құндылықтарын дәріптеу жолындағы маңызды қадам. Оның ондаған жылдарға созылған мінсіз мемлекеттік қызметі, Қазақстанның сот жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі және әділет қағидаттарын орнықтырудағы еңбегі кейінгі ұрпақ үшін әрдайым өнеге болып қала береді.

Қарапайым сот қызметкерінен басталған Республиканың ең жоғары сот органының басшылық құрамындағы тағылымды еңбек жолы – кәсіби шеберліктің, жаңалықтың, парасаттылықтың және ел мүддесіне адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның өмір жолы – заңға деген құрмет пен әділетке деген берік сенімнің көрінісі.

Әлихан Шәріповтің ғұмыры – заңға адалдықтың, елге қызмет етудің және әділдікке ұмтылыстың жарқын шежіресі. Оның өмір жолы – уақытпен бірге өшпейтін өнеге, ал есімі – Қазақстан сот жүйесі тарихының құрметті беттерінде мәңгі сақталатын рухани мұра.

## ҚОРҒАНЫС

Осындай жағдайда Қазақстанның қорғаныс саясаты да жаңа талаптарға бейімделуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарулы күштердің жауынгерлік әзірлігін арттырумен қатар, әскери басқарудың тиімділігін көтеру, қорғаныс өнеркәсібін жаңғырту және заманауи технологияларды енгізу ұлттық қауіпсіздіктің басты бағыттарының бірі екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл – әскери ынтымақтастықтың мазмұны да түбегейлі өзгеріп келе жатқанын білдіреді.

Бүгінде әскери ынтымақтастық бұрынғыдай тек бірлескен оқу-жаттығулар өткізумен немесе ресми келісімдер жасаумен шектелмейді. Ол әскери білім беру, ғылыми зерттеулер, цифрлық технологияларды енгізу, әскери медицина, инженерлік қамтамасыз ету, киберқауіпсіздік, әскери логистика және қорғаныс өнеркәсібіндегі өндірістік кооперация сияқты бағыттарды қамтитын көпқырлы жүйеге айналды.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты осы тұрғыда маңызды артықшылық береді. Еліміз әртүрлі халықаралық ұйымдар мен серіктес мемлекеттермен өзара іс-қимылды дамыта отырып, ешбір әскери текетіретің тарабына айналмай, халықаралық құқық қағидаттарын басшылыққа алады. Мұндай ұстаным ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар, Қазақстанның жауапты әрі сенімді халықаралық серіктес ретіндегі беделін нығайтады.

Саясаттанушы Талғат Қалиевтің пайымынша, қазіргі әскери ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – қару-жарак жарысына қосылу емес, басқару сапасын, үйлесімділікті және технологиялық мүмкіндіктерді арттыру. Оның айтуынша, бірлескен оқу-жаттығулардың басты құндылығы – түрлі жағдайларда жедел шешім қабылдау, бөлімшелердің өзара іс-қимылын жетілдіру және заманауи басқару мәдениетін қалыптастыру. Мұндай тәжірибе ұлттық армияның кәсіби деңгейін көтеруге тікелей ықпал етеді.

Дипломат Қайрат Әбдірахманов та қауіпсіздік мәселесін халықаралық құқық пен көпжақты ынтымақтастықтан бөліп қарауға болмайтынын бірнеше еңбегі мен жария пікірлерінде атап өткен. Оның көзқарасына сәй-

# ҚАУІПСІЗДІК ФОРМУЛАСЫ

XXI ғасырдағы қауіпсіздік ұғымы түбегейлі өзгерді. Бұрын мемлекеттердің қорғаныс қабілеті қару-жарақтың сапына, әскердің сапына және әскери техниканың қуатына қарай бағаланса, бүгінде технологиялық артықшылық, ақпараттық қауіпсіздік, киберқорғаныс, ғарыштық мониторинг пен халықаралық еріптестік шешуші факторға айналды. Соңғы жылдары орын алған өңірлік және жаһандық қақтығыстар бір ғана шындықты айқын көрсетті: қазіргі заманғы соғыс тек ұрыс алаңында емес, ақпараттық кеңістікте, цифрлық инфрақұрылымда, байланыс жүйелерінде және экономикалық тізбектерде де жүріп жатыр.



кес, орта державалар үшін сенімге негізделген әскери еріптестік өңірлік тұрақтылықты сақтаудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстанның сыртқы саясаты дәл осы қағидатқа сүйенеді.

Әлемдік тәжірибе де осыны дәлелдейді. Финляндия соңғы жылдары қорғаныс жүйесін резервтік даярлықпен және жоғары технологиялық басқарумен ұштастырып, ұлттық қауіпсіздік моделін айтарлықтай күшейтті. Түркия халықаралық ынтымақтастық пен өз ғылыми-инженерлік әлеуетін ұштастыру арқылы қорғаныс өнеркәсібін қарқынды дамытып, ұшқышсыз авиациялық жүйелерді экспорттайтын же-

текші мемлекеттердің қатарына енді. Ал Оңтүстік Корея қорғаныс өндірісіне ғылым мен инновацияны кеңінен енгізудің нәтижесінде әлемдік қару-жарак экспорттаушылардың алдыңғы легіне көтерілді. Бұл тәжірибелердің барлығы бір ортақ қорытындыға жетелейді: қазіргі әскери қуат ең алдымен ғылымға, технологияға және кадрлық әлеуетке сүйенеді.

Қазақстан үшін де қорғаныс өнеркәсібін жаңғырту стратегиялық міндетке айналып отыр. Әскери техниканы жаңарту ғана емес, оны өз аумағында жөндеу, жаңғырту, байланыс құралдарын, радиоэлектрондық жүйелерді, ұшқышсыз платформалар-

ды және арнайы техниканы өндіру ұлттық қауіпсіздікті күшейтумен қатар, жоғары технологиялы экономиканың дамуына ықпал етеді. Бұл инженерлік кадрларды даярлауға, ғылыми орталықтардың әлеуетін арттыруға және жаңа өндірістердің ашылуына мүмкіндік береді.

Әскери ынтымақтастықтың тағы бір маңызды қыры – бітімгерлік қызмет. Қазақстандық әскери қызметшілердің халықаралық миссияларға қатысуы олардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, еліміздің халықаралық жауапкершілігін де айқындайды. Мұндай миссиялар барысында жинақталған тәжірибе төтенше жағдайларда әрекет ету, азаматтық халықты қорғау, гуманитарлық операцияларды ұйымдастыру және көпұлтты құраммен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырады.

Қазіргі жағдайда қорғаныс саясатының тиімділігі әскери бюджет көлемімен ғана өлшенбейді. Оның негізгі көрсеткіші – армияның технологиялық даярлығы, басқару жүйесінің икемділігі, әскери ғылымның дамуы және халықаралық еріптестіктің сапасы. Сондықтан әскери ынтымақтастықты ұлттық қауіпсіздіктің ұзақ мерзімді инвестициясы ретінде қарастыру қажет.

Алдағы онжылдықта әскери салада жасанды интеллект, автономды басқару жүйелері, ғарыштық бақылау, үлкен деректерді талдау және ұшқышсыз платформалар шешуші рөл атқарады. Бұл бағыттарда халықаралық тәжірибені игеру Қазақстанның қорғаныс қабілетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан бейбітшілік пен халықаралық құқық қағидаттарына берік екенін бірнеше рет дәлелдеді. Алайда бейбітшілікке ұмтылу қорғаныс әлеуетін әлсірету деген сөз емес. Керісінше, тұрақты бейбітшілік сенімді қорғаныс жүйесімен, кәсіби армиямен және халықаралық деңгейдегі тиімді серіктестікпен қамтамасыз етіледі.

Сондықтан әскери ынтымақтастық бүгінгі күні жай ғана сыртқы саясат құралы емес. Ол – ұлттық қауіпсіздікті

нығайтудың, қорғаныс өнеркәсібін дамытудың, жаңа технологияларды игерудің және Қазақстанның халықаралық беделін арттырудың маңызды тетігі. Қазіргі геосаяси жағдайда дәл осындай кешенді көзқарас қана еліміздің тәуелсіздігі мен тұрақты дамуының берік кепілі бола алады.

Қазақстанның қорғаныс саласына бөлінген қаржысы соңғы жылдары ұлғайып келеді. 2024 жылы қорғанысқа жұмсалған шығын шамамен 1,2 трлн теңгеге жетті. Бұл ұлттық қауіпсіздікке тұрақты басымдық беріліп отырғанын көрсетеді.

Қорғаныс министрлігі бүгінде әскери саясатпен қатар бітімгерлік операциялар, әскери білім мен ғылым, жауынгерлік даярлық және халықаралық ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытып келеді.

2025 жылы Қазақстан мен Түркия әскери ынтымақтастық жоспарына қол қойып, бірлескен әскери білім беру, бітімгерлік даярлық, жауынгерлік дайындық және әскери медицина бағыттарын кеңейтті.

Сондай-ақ Қазақстан мен Ұлыбритания 2025–2026 жылдарға арналған әскери ынтымақтастық жоспарын қабылдап, офицерлерді даярлау, тілдік дайындық және бітімгерлік салаларындағы өзара іс-қимылды күшейтті.

Бүгінгі таңда қорғаныс саясаты тек әскери ведомствоның ғана мәселесі емес. Ол – экономиканың технологиялық деңгейіне, ғылымның әлеуетіне, инженерлік мектептердің дамуына, цифрлық қауіпсіздікке және мемлекеттің халықаралық беделіне тікелей әсер ететін кешенді мемлекеттік саясат. Сондықтан әскери ынтымақтастықты кеңейту Қазақстан үшін сыртқы саясаттың жекелеген бағыты емес, ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылуы тиіс. Осындай ұстаным ғана еліміздің егемендігін нығайтып, өңірлік тұрақтылыққа нақты үлес қосуға мүмкіндік береді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## ӨНЕРКӘСІП

Жас болса да, өзінің іскерлігі мен табандылығының жарқасында кәсіпкерлік саласында жетістікке жетіп, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген отандастарымыз аз емес. Олардың өз идеяларын жүзеге асырып, жеке кәсіптері мен жаңа жұмыс орындарын ашуына мемлекет тарапынан берілетін көмектің өсері жылдан жылыға артып келе жатыр. Мәселен, Алматы облысы Қарасай ауданында тұратын Қанат Ермұратұлы Рақышев өз кәсібінің дамуына зор қолдау көрсеткен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына әрдайым ерекше алғысын білдіріп жүреді. Оның айтуынша, бұл қолдаудың оның кәсіпорнының қалыптасуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосқан.

## Автокөліктің ескі дөңгелектері қайта өңдеуден өтуде

Алматы облысының тумасы өзінің кәсіпкерлік жолын 2019 жылы экологиялық маңызы зор ерекше жобаны жүзеге асырудан бастаған. Соның нәтижесінде пайдаланылған автокөлік дөңгелектерін қайта өңдеп, резенке үгіндісін өндіру қолға алынды. Бұл өнім балалар ойын алаңдарына, спорт алаңдары мен жүгіру жолақтарына арналған қауіпсіз жабындарды, сондай-ақ резенке плиткаларды өндіруде кеңінен қолданылады.

Бұған дейін кәсіпкерлер бұл өнімдерді сырттан тасымалдап келген болатын. Қанат Ермұратұлының бастамасымен шығарылған өнімдер жоғары сапасымен ерекшеленіп, аз уақытта тұтынушылардың сеніміне ие болды. Сол себепті COVID-19 пандемиясы кезінде нарықтағы сұраныс төмендегеніне қарамастан, Қанат өз жұмысын тоқтатпады. Керісінше, өндірісті дамыту мен жаңа нарықтарға шығудың тиімді жолдарын іздедірді. Соның нәтижесінде 2022 жылы мемлекеттік қайтарымсыз грантты жеңіп алып, резенке қалдықтарын қайта өңдеуге арналған заманауи құрал-жабдыққа қол жеткізді. Бұл өндіріс көлемін

ұлғайтып, кәсіпорынның Алматы облысындағы жетекші өндіріс орындарының біріне айналуына мүмкіндік берді.

Кәсіпкер енді тек резенке қалдықтарын ғана емес, ескі киімдер мен тозған көрпелерді де қайта өңдеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, өндірілген өнімді шетел нарығына шығарып, экспорт көлемін арттыруды да назардан тыс қалдырмауда.

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, Қазақстанның ішкі нарығындағы автокөлік дөңгелегіне деген жалпы сұраныс жылына шамамен 8-ден 8,5 миллион данаға жетеді екен. Яғни, жылына осынша пайдаланылған автокөлік дөңгелегі қоқысқа тасталады. Ал Қанат Ермұратұлы сияқты азаматтар өкінішке қарай елімізде әзірге саусақпен санарлық. Олардың кәсіпорындарының қуаты шектеулі. Егер әр ауданда осындай бір емес бірнеше өндіріс орны ашылғанда ауаларда, көше мен жол бойында, қоқыс жинайтын орындарда шашылып жататын ескі көлік дөңгелектері кәдеге жарап, ел игілігіне қызмет етер еді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## КӨКЖИЕК

## «ЖАСҰЛАН» КОЛЛЕДЖДЕРІ БОЛАШАҚ ӘСКЕРИ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАЙДЫ

2024 жылдан бастап колледж дәрежесін алған Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларындағы «Жасұлан» республикалық әскери мектептері өз тарихында 15 мыңға жуық «ұландықты» тәрбиелеп шығарған екен. Қазақ және шет тілдері мен әскери пәндерді тереңдетіп оқытатын, мамандандырылған бұл оқу орындарының тәрбиеленушілері «ұландар» деп аталады. Олар Алматыда Бауыржан Момышұлы, Шымкентте Сабыр Рахымов, Қарағандыда Талғат Бигелдиновтың есімін иеленген.



Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы «Жасұлан» колледжі тарихы 1983 жылдан басталады. 1983 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 90-15 қаулысы негізінде құрылған білім ордасының атауы «Орыс тілін тереңдетіп оқытатын және күшейтілген әскери-дене шынықтыру даярлығы бар республикалық арнайы жалпы орта білім беретін мек-

теп-интернат» деп аталды. Оның негізгі мақсаты – жергілікті ұлт жастары арасынан Кеңес Одағының болашақ офицерлерін дайындау болды. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 наурыздағы № 189 қаулысымен бұл мектепке Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының есімі берілді. Тәуелсіздіктен кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015

жылғы 26 қыркүйектегі № 789 қаулысымен мектеп Білім және ғылым министрлігінен Қорғаныс министрлігінің қарамағына өтті. Сол уақыттан бастап Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас Ұлан» мектебі болып аталды. Әскери білім беру жүйесін реформалау аясында 2024 жылдан бастап оның негізінде Батыр Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорт колледжі құрылды. Бітірген түлектерге орта кәсіби білім туралы диплом («жаттықтырушы-нұсқаушы» немесе «барлау, десанттық-шабуылдау бөлімшелерін басқару» мамандығы бойынша) және сержант әскери атағы беріледі. Колледж тарихында оқу орнын бітіріп, әскери қажығыстарда немесе қызметтік міндетін атқару үстінде ерлікпен қаза тапқан подполковник Ерлан Науанов пен Қайрат Мұхамадиев және капитан Қайрат Құдабаев сияқты азаматтардың есімі ерекше құрметпен ұлықталады.

Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорт колледжіне 15-17 аралығындағы жасөсірімдер түсе алады. Оған жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбын бітірген және оқуға түсетін жылы кемінде 15 жасқа толған ұл балалар қабылданады. Құжаттарды қабылдау: жыл сайын тамыз айының басында жүргізіледі. Ұландар үшін оқу, жатақана, 5 мезгіл тамақтану және әскери форма тегін. Түлектер Қазақстанның және алыс-жақын шет елдердің жоғары әскери оқу орындарына түсуге жеңілдіктер мен жолдамалар алады.

Аңсар МАҚСАТҰЛЫ,  
Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорт колледжінің 2-курс тәрбиеленушісі

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

КЕҢЕСКЕН ІСТЕ КЕМШІЛІК  
БОЛМАЙДЫ

Бабаларымыз «Кеңескен істе кемшілік болмай-ды» деп тегін айтпаған. Күлтөбеде күнде жиын өткізіп, «Жеті рет өлшеп бір рет кес» деген төмсілді басты ұстанымына айналдырған халықтың елдік мәселелерге қаншалықты зор жауаптылықпен қарағанын бағамдау қиын емес. Қолданысқа енгізілгеніне бір айға жуықтаған жаңа Конституциямыз да сондай көп болып кеңесіп, жұрт болып ақылдасып дайындалған құжаттың қатарында.

Мемлекет тұғыры саналатын Конституцияны дайындауда жұмыс тобының үлкен ізденістер жасағанына жұртшылық куә. Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрамына іріктелген 130 білікті сарапшы көптеген шетелдік тәжірибені зерделеп, бүгінгі сын-қатерлерге жауап беретін құқықтық механизмді дәл айқындауға күш салды. Жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысында Конституциялық реформа жөніндегі комиссия ашық талқылаулар өткізіп, негізгі өзгерістермен халықты дер кезінде таныстырып отырды. Соның нәтижесінде Ата Заң жобасына азаматтардан шамамен 10 мыңға жуық пікір мен ұсыныс түскен. Әрі халық өз талап-тілегін eGov және e-Otinish порталдары арқылы жолдағанын да атап өту керек.

Бұл қоғамда азаматтар белсенділігінің артқанын көрсетеді. Сонымен қатар, мұндай оң өзгеріс халықтың ел ертеңіне, ұрпақ болашағына бей-жай қарамайтынын аңғартады. Осының өзі азаматтардың құқықтық сауатының ғана емес, жеке тұлға ретіндегі ұстанымының орныққанын дәлелдейді. Ал ұсыныстардың электронды порталдар арқылы жолдануы мем-

лекеттегі сандық технология бойынша жүргізілген кешенді жұмыстардың озық нәтижесі. Халықтың цифрлық қызмет жетістіктерін жетік меңгеріп қоймай, оны өз қажетіне пайдалана алуының өзі үлкен прогресс екенін мойындағанымыз дұрыс.

Азаматтар, ғылыми қауымдастық өкілдері, құқықтанушылар мен үкіметтік емес ұйымдар елдің негізгі заңына қатысты бастамаларға ерекше қызығушылық танытты. Осыны ескерген Конституциялық комиссия барлық ұсыныстар мен ескертулерді мұқият зерделеп, лайықтысын құжат жобасында қаперде ұстады.

11 бөлім мен 95 баптан тұратын Конституцияда 77 бап жаңарып, 4 бөлімнің атауы өзгерген. Жаңа заңдық өзгерістерге сәйкес, бұрынғы көк палаталы Парламенттің орнына Құрылтай құрылып, ол елдің жаңа заң шығарушы органы мәртебесіне ие болды. Қазір Құрылтайдағы 145 депутаттық мандатқа ие болу үшін жеті партия өз бағдарламалары арқылы халық дауысын көбірек иеленуге талаптанып жатыр. Бұған қоса еліміздегі саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету

мақсатында жаңадан вице-президент лауазымы енгізіледі. Ал Халық Кеңесі деген атпен мәлім жаңа консультативтік-кеңесші органның құрамына 126 адам мүше болып, ел мүддесіне қызмет етпек.

Жаңа Конституцияда «Миранда» қағидасы енгізілген. Соған сәйкес енді адам ұсталған сәттен бастап құқық қорғау органдары оған өзінің барлық құқықтарын дереу түсіндіруге міндетті. Яғни, азаматтың үнсіз қалуға, адвокаттың көмегін пайдалануға құқығы бар және берген түсініктемесі кейін өзіне қарсы дәлел ретінде қолданылуы мүмкін екені міндетті түрде ескертілуге тиіс. Бұл – өте маңызды кепілдік. Миранда қағидасын енгізу арқылы еліміз азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына кепілдік беріп отыр. Бұдан бөлек, адвокаттардың мәртебесі конституциялық деңгейде бекітілген. Ал жаңа Конституциядағы соттың рөлі сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға, адам құқықтарының қорғалуын күшейтуге және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағыттағы негізгі басымдықтар қатарына сот төрелігі сапасын арттыру және конституциялық бақылауды кеңейту кіреді.

Бүгінде халықтық құжат деп танылған жаңа Конституция халық игілігіне сапалы қызмет етеді деп сенеміз.

**С.БАЙБОЛОВ,**  
Алматы қаласы  
**Жетісу аудандық №2**  
сотының төрағасы

МІНБЕР

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Сондықтан азаматтар мемлекеттік үш биліктің қалыптасуына, басқарылуына және оның жүйелі түрде жүргізілуіне тікелей қатыса алады. Соның ішінде азаматтар алқаби болу арқылы сот билігінің жүзеге асырылуына да қатысады. Алқаби болу азаматтарға сот жұмысын жақыннан біліп, судьялар сияқты шешім қабылдау жауаптылығын сезінуге мүмкіндік береді. Биыл осы іс-әрекеттің құқықтық механизмін реттейтін «Алқабилер туралы» заңның қабылданғанына 20 жыл толып отыр.

АЛҚАБИ БОЛУ – АЗАМАТТЫҚ  
ПАРЫЗ

Заңда айқындалғандай кез келген қылмыстық іске алқабилер қатыстырылмайды. Айталық төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру, террористік және экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы аса ауыр қылмыстарды судья алқабилердің қатысуынсыз жеке-дара қарайды. Одан басқа қылмыстық істер айыпталушының өтініштары болған жағдайда ғана бір судья және он алқаби құрамында жүзеге асырылады.

Алқабилер сотында ең бір күрделі әрі қиын үрдістің бірі – алқабиге үміткерлерді іріктеумен байланысты. Бұл жаңашылдық алғаш тәжірибеге енгізілген уақытта көптеген кемшіліктер орын алды. Айталық алқаби ретінде шақыртылған азаматтардың сотқа келмеуі, тізімдердің сапасыздығы және кандидаттардың талаптарға сәйкес келмеуі жиі кездесетін. Бұл процестің уақытын созып, алқабилер құрамын жасақтауға айтарлықтай кедергі келтірді. Әкімдіктер жасақтаған тізім-

дерде бұрын сотталғандардың, мемлекеттік қызметшілердің немесе әрекетке қабілетсіз адамдардың кездесуі де жүйелі қателіктер сапында болды. Сондай-ақ тұрғындардың алқабилер міндетінің маңыздылығын және жауапкершілігін толық түсінбеуі де жаңа институттың сапалы жүзеге асуына мүмкіндік бермеді.

«Алқабилер туралы» заңның талаптарын, маңызын түсіндіру бағытындағы ақпараттық-насихат жұмыстарының арқасында бұл кемшіліктер біртіндеп шешімін тапты. Бүгінде алқаби болуға ынталы азаматтар аз емес. Әрі халықтың алқабилер міндетін жетік ұғынып, өзінің азаматтық міндетін орындауға деген ынтасының артқаны да байқалады.

Алқаби сот отырысында тәртіп сақтауы және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуы керек. Бұдан бөлек алқаби істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге, сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге, істі талқылау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға, жабық сот отырысына қаты-

суына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес. Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы заңда белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Осыдан көріп тұрғанымыздай Алқабилер институты – бұл сот төрелігін жүзеге асыруға азаматтардың тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, демократия мен әділдіктің кепілі. Бұл институт сот билігі мен халық арасындағы байланысты нығайтады, мемлекеттік органдардың жұмысындағы ашықтықты арттырады. Ал халықтың сот процесіне тікелей араласуы сот жүйесіне деген сенімсіздікті жойып, шешімдердің әділдігіне көз жеткізеді.

**Болат УЙДАНОВ,**  
Алматы қаласы  
**қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

ОҢ ҚАДАМ

«РАҚЫМШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» ЗАҢ  
ІЗГІЛІККЕ ҮНДЕЙДІ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қолданысқа енгізілуіне байланысты «Рақымшылық туралы» заң қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енді. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері он бір рет қылмыстық рақымшылық жасалғаны белгілі. Ал бұл заңның басты ерекшелігі – қылмыс жасағандармен қатар, өкімшілік айыппұл арқалағандарға тұңғыш рет рақымшылықтың қарастырылуында.

Рақымшылық заңының мақсаты анық. Мұндай құқықтық тетік қылмыс жасаған адамның кінәсін жоққа шығармайды және сот үкімінің күшін жоймайды. Ол тек құқықтық салдардың бір бөлігін өзгертеді. Ізгілікке негізделген бұл құжат адамдардың нақты бір тобына қолданылып, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босатуға мүмкіндік береді.

Жалпы, заңның қабылдануы бірнеше факторға негізделген. Ең алдымен рақымшылық жасау арқылы мемлекетте жүргізіліп келе жатқан гуманистік қылмыстық саясаттың негізгі басымдығы орныға түседі. Көпшілік мемлекет жаза басқан азаматты сыртқа теппейтінін, қоғамға бейімделуіне, қайта қатарға қосылуына мүмкіндік беріп қоймай, мүдделілік танытатынын түсінеді. Сонымен бірге, рақымшылық бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың санын оңтайландыруға көмектеседі. Түрме тұрғындарының көптігі мемлекет бюджетіне аз салмақ салмайды. Түзелуге бет бұрған, жаңа өмір бастауға ниетті жандарды темір торда ұстап, оларды мемлекет қаржысына асырап, күткеннен гөрі отбасына оралуына, еңбек етуіне мүмкіндік беру гуманистік тұрғыдан да, материалдық жағынан да өте пайдалы.

2026 жылғы заңға сәйкес



рақымшылық қылмыстық теріс қылық жасаған адамдарға, онша ауыр емес қылмыс жасағандарға, кейбір орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін сотталған адамдарға, заңда көрсетілген өзге де санаттарға қолданылады. Мұнда материалдық зиянның өтелуі маңызды шарттың бірі. Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, қылмыстық рақымшылық шаралары шамамен 16,5 мың адамға қатысты қолданылып, соның ішінде колониялар мен өзге де бас бостандығынан айыру орындарынан 1,5 мыңға жуық сотталушы босатылмақ.

Дегенмен, рақымшылық жасалмайтын қылмыстар да жаңа заңда анық көрсетілген. Айталық сыбайлас жемқорлық қылмыстарына, террористік әрекеттерге, экстремистік қылмыстарға, адам өміріне қарсы аса ауыр қылмыстарға, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы ауыр қылмыстарға, өзге де заңда көзделген ауыр және аса ауыр қылмыстарға ізгілік заңы қолданылмайды. Сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айырылғандар мен сырттай сотталғандар да рақымшылық шеңберінен тыс қалады.

Әкімшілік істерге байланысты жасалатын рақымшылықтың да аражігі ажыратылған. Сәйкесінше бұл заңдық жеңілдік соттар салған айыппұлдарға,

сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқықбұзушылықтар үшін салынған айыппұлдарға қолданылмайтынын ескергеніміз жөн. Рақымшылыққа Қазақстан азаматы болып табылатын жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен заң консультанттары ілігеді.

Әкімшілік рақымшылық – мемлекеттің гуманистік саясатын көрсетіп, азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтуға, қоғамға үлкен қауіп төндіретін құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершіліктен босатуға мүмкіндік беретін маңызды құқықтық акт. Оның негізгі мақсаты қордаланған айыппұлдарды жоюға, халықтың әлеуметтік жағдайын жеңілдетуге және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған.

Міне, осындай алдына биік меже белгілеген ізгілік заңы қазір қолданыста. Бұл заң құқық бұзушылардың өз қателіктерінен сабақ алып қоймай, мемлекет қолдауын сезінуіне, ел дамуына үлес қосуына жағдай жасамақ.

**Әнуар ҚУАНАЛИЕВ,**  
**ҚР Бас прокуратурасы жанындағы құқық қорғау академиясының аға оқытушысы,**  
**Әділет кеңесшісі**

БАҒДАР

«Істің тетігін кадр шешеді» деген көнеден келе жатқан тағылымды сөз бар. Бұл тәмсілдің жылдар бойы құндылығын жоймауы маман таңдаудың маңыздылығымен өзектес болса керек. Шын мәнінде әрбір реформаның сәтті жүзеге асуы осы бастаманың басы-қасында жүрген мамандардың білімі мен білігіне, ынтымағы мен іскерлігіне тікелей байланысты. Сот саласында да сот қызметкерлерін іріктеуге ерекше назар аударылатыны сондықтан.

Талап өсіреді,ізденіс  
жетістікке жеткізеді

Сот – мәртебелі орган. Мұнда қызмет ететін сот мамандарына қойылатын талап та осал емес. Бұл жерде үміткерлердің кәсіби заңгерлік білімді жетік меңгеруімен қоса, адами қасиетіне, адалдығы мен жауаптылығына, еңбекқорлығы мен ізденгіштігіне мән беріледі. Азаматтармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтіндіктен сот мамандарының көпшілікпен тіл табыса білуі, екіжақты диалог құру қабілеті, шыдамдылығы мен қарапайымдылығы қазіргі кәсіпкерлерге алынады.

Сот қызметкерлерінің көпшілікпен де, ұжыммен де ортақ тіл табыса алуы аса маңызды. Бұл сот құрылымындағы бірлікті нығайтып, күрделі мәселелерді оңтайлы шешуге көмектеседі.

Сот қызметкерлері – сот жұмысының айнасы. Олардың азаматтарды қалай қарсы алып, қандай жол көрсеткеніне қарап сот жұмысына қатысты қоғамдық көзқарас орнығады. Сондықтан сот мамандарының этика талаптарына қатаң бағынып, әдептен озбауы басты міндет. Жауапкершілік, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құпияны сақтау қабілеті де сот қызметкерлеріне деген сенімді нығайтатын артықшылықтар қатарында.

Бүгінде сот қызметкерлерін іріктеу ашық конкурсу, заңнаманы білуге арналған тестілеу және арнайы комиссияның өңгімелесуі арқылы жүзеге асады. Іріктеу кезеңінде үміткерлердің мемлекеттік тілді және заңнаманы білу деңгейі айқындалады. Алайда, кадрлардың әлеуеті тәжірибе арқылы артатынын ұмытпауымыз керек. Себебі білім мен білік, кәсіби шеберлік ізденіс арқылы жоғарылап, тәжірибе арқылы кемелдене түседі. Соған орай сот қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге, әдептілік

әліппесін үйретуге үнемі көңіл бөлінеді.

Соттағы оқу орталықтарында сот қызметкерлерінің жаңа заңнамаларды, жаңа бастамалар бойынша бағыт-бағдарды меңгеруіне, тәжірибе алмасуына жағдай жасалған. Бұл процесс Сот төрелігі академиясы ба-засында және басқа да ведомстволық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы судьялар мен сот жүйесі қызметкерлері үшін арнайы біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарын өткізеді. Мұндағы практикалық сабақтар барысында нақты іс-тәжірибелік кейстер қаралып, сот қызметкерлерінің өзін-өзі дамыту дағдылары үйретіледі. Оқу үдерісіне заманауи әдістерді, соның ішінде жасанды интеллект элементтері мен озық халықаралық тәжірибелерді меңгеруге де жағдай жасалған.

Бүгінгі сот қызметкерлері кәсіби білімді меңгерген, әдептілік қағидатарын жетік білетін, жаңа технология жетістіктерін жан-жақты қолдана алатын әмбебап кадр. Қазақстан халқы ғана емес, әлем халқы тікелей желіде қараған резонансты істердің ұйымдастырушылық-техникалық жақтан мінсіз өтуі де сот қызметкерлерінің жоғары біліктілігін айшықтай түседі. Яғни, кадрларға қойылатын жоғары талап сот қызметкерлерінің кәсіби тұрғыдан өсуіне ғана емес, сот құрылымының жұмысын жандандыруға да ықпалын тигізіп келе жатқаны қуантады.

**Жансая САҒЫН,**  
**ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің персоналды басқару бөлімінің басшысы міндетін атқарушы**



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУДЬЯЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Құқықтық мемлекет құрудың негізгі шарттарының бірі тәуелсіз өрі кәсіби сот корпусын қалыптастыру. Сот төрелігінің сапасы судьялардың кәсіби даярлығына, құқықтық мәдениетіне және моральдық-адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Сондықтан, судьяларды іріктеу жүйесі сот билігінің тиімділігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін маңызды институттардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында судьяларды іріктеу жүйесінің қалыптасуы тәуелсіздік жылдарындағы сот-құқықтық реформалармен тікелей байланысты. Бұл үдерістің бастауында 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң тұр. Аталған заң мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидатын жариялап, тәуелсіз сот билігінің құқықтық негізін қалады.

1993 жылғы Конституция сот билігінің дербестігін конституциялық қағидат ретінде бекітті. Алайда өтпелі кезең жағдайында сот жүйесінің қызметінде кеңестік құқықтық модельдің жекелеген элементтері сақталды. Судьяларды іріктеу рәсімдері жүйелі сипатқа ие болмағандықтан, кадрлық шешімдерді қабылдауда әкімшілік факторлардың ықпалы болды.

Сот реформасының жаңа кезеңі 1995 жылғы Конституцияның қабылдануымен және заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының шығуымен байланысты. Негізгі заңда сот билігінің тәуелсіздігі, судьялардың қол сұғылмаушылығы және олардың тек Конституция мен заңға бағыну қағидаттары бекітілді. Сонымен қатар, жергілікті соттардың судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындауы, ал Жоғарғы Сот судьяларын Парламент Сенатының сайлауы тәртібі енгізілді.

Осы кезеңде Жоғары Сот Кеңесі мен Әділет біліктілік алқасын құру көзделіп, судьялардың тәуелсіздігіне берілетін кепілдіктер күшейтілді. Бұл сот билігінің институционалдық дербестігін қамтамасыз етуге және кәсіби судьялар корпусын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Қазақстанда судьялық лауазымдарға конкурстық іріктеу институтының енгізілуі сот реформасының маңызды нәтижелерінің бірі болды.

2001 жылдан бастап судьялыққа кандидаттарды іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырыла бастады. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты судьялық лауазымдарға кәсіби даярлығы жоғары және мінсіз беделге ие тұлғаларды іріктеу болды. Конкурстық іріктеу жүйесінің енгізілуі судьяларды тағайындаудағы субъективті факторларды азайтып, меритократия қағидаттарын нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта судьяларды іріктеу мен ұсынудың негізгі конституциялық институты Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі болып табылады. Оның қызметі сот корпусын қалыптастырудың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Судьяларды іріктеу рәсімінің өзге мемлекеттік қызмет түрлерінен біркатар ерекшеліктері бар.

Біріншіден, судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптар жоғары деңгейде сараланған. Кандидат заңгерлік біліммен қатар тиісті еңбек өтіліне, кәсіби тәжірибеге және мінсіз беделге ие болуы тиіс. Екіншіден, іріктеу бірнеше кезеңнен тұра-

тын кешенді рәсім болып табылады. Кандидаттар біліктілік емтиханынан, психологиялық бағалаудан, полиграфологиялық зерттеуден және әңгімелесуден өтеді. Үшіншіден, конкурстық рәсім барысында кандидаттардың кәсіби жетістіктері, құқық қолдану тәжірибесі және қоғамдағы беделі кешенді түрде бағаланады. Төртіншіден, шешім қабылдау кезінде жариялылық пен алқалылық қағидаттары басшылыққа алынады.

Кандидаттарды алдын ала зерделеу, бағалау және іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Судьяларды конкурстық іріктеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Оның құрамына барлық деңгейдегі судьялар, адвокаттар, заңгер-ғалымдар, заңгерлер қауымдастығының өкілдері және адам ресурстарын басқару саласының мамандары кіреді.

*Атап айтқанда, кандидаттар тұра-  
лы мәліметтерді жинау, тексеру және бағалау  
тәртібін нақты регламенттеу, міндетті бағалау  
нысанын енгізу, бірыңғай бағалау өлшемшартта-  
рын бекіту, кандидаттардың, яғни, құқықта-  
рын айқындау, сондай-ақ, ашықтық пен қоғам-  
дық, қайтасушы қамтамасыз ететін тетіктерді  
енгізу көзделуі.*

Бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Жоғары Сот Кеңесінде арнайы ақпараттық жүйе қолданылады. Бұл жүйеде кандидаттардың дербес деректерімен қатар бос судьялық лауазымның санағына және конкурсқа қатысушының мәртебесіне қарай қалыптастырылған цифрлық және бағалау өлшемшарттары пайдаланылады.



Цифрлық өлшемшарттар арнайы ақпараттық жүйе арқылы балдық-рейтингтік тәсіл негізінде автоматты түрде есептеледі. Олар кандидаттың кәсіби тәжірибесін, судьялық өтілін, біліктілік емтихандарының нәтижелерін, ғылыми жетістіктерін және өзге де объективті көрсеткіштерін қамтиды. Нәтижесінде кандидаттардың рейтингі қалыптастырылады.

Сонымен қатар конкурстық комиссия мүшелері әрбір кандидатқа қатысты бағалау парақтарын толтыру арқылы сараптамалық бағалау жүргізеді. Бұл ретте кандидаттардың кәсіби құзыреттері, әдеп нормаларын сақтау деңгейі, заңға және құқықтық тәртіпке құрметі, сондай-ақ судьялық қызметті атқаруға қажетті жеке қасиеттері бағаланады.

Конкурстық рәсімнің маңызды кезеңдерінің бірі – құзыреттер бойынша сұхбат өткізу. Сұхбат Бірыңғай құзыреттер шеңберіне негізделген әдістеме бойынша жүргізіледі. Бірыңғай құзыреттер шеңбері судьяның тиімді қызмет атқаруы үшін қажетті тұлғалық және кәсіби қасиеттердің жиынтығын білдіреді және судья лауазымына үміткерлерге қойылатын базалық талаптарды айқындайды.

Осылайша қазіргі конкурстық іріктеу жүйесі цифрлық технологияларды, кәсіби бағалау құралдарын және құзыреттерге негізделген тәсілді ұштастыру арқылы кандидаттардың кәсіби даярлығы мен жеке қасиеттерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары Жоғары Сот Кеңесі өз қызметінің ашықтығы мен жариялылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта бос судьялық лауазымдарға өткізілетін конкурстардың нәтижелері Кеңестің YouTube-арнасында онлайн көрсетіліп, іріктеу қорытындылары бойынша бұқаралық ақпарат құралдары үшін брифингтер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, конкурстың әрбір кезеңінің нәтижелері Кеңестің ресми интернет-ресурсында тұрақты түрде жарияланып отырады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың 2024 жылғы 4 қазанда өткен Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезінде судьялық лауазымдарға іріктеу рәсімдерін жетілдіру және олардың әділдігін қамтамасыз ету жөнінде берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Жоғары Сот Кеңесі конкурстық рәсімдерді одан әрі жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

Аталған жұмыстардың қатарында кандидаттарды бағалау өлшемшарттарын жетілдіру, сондай-ақ соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар бар.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалауды жүзеге асырады.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестердің құрамына отставкадағы судьялар, заң қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қоғамның беделді мүшелері кіреді. Кеңестер кандидаттың жұмыс орны бойынша қорытынды береді, бұл оның кәсіби қызметі мен беделі туралы жан-жақты мәліметтерді бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, Кеңестер судьялар корпусын қалыптастыруға қоғам мен кәсіби қауымдастықтың қатысуын қамтамасыз ететін маңызды институционалдық тетік болып табылады.

Сонымен қатар қолданыстағы тәжірибе Кеңестер қызметін құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда, кандидаттар туралы мәліметтерді жинау, тексеру және бағалау тәртібін нақты регламенттеу, міндетті бағалау нысанын енгізу, бірыңғай бағалау өлшемшарттарын бекіту, кандидаттардың рәсімдік құқықтарын айқындау, сондай-ақ ашықтық пен қоғамдық қатысуды қамтамасыз ететін тетіктерді енгізу көзделуде.

Ұсынылып отырған өзгерістер Кеңестің өкілеттіктерін кеңейтуге емес, олардың заңмен



**Д.МАЛАХОВ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы**

белгіленген құзыреті шегінде тиімді қызмет етуіне бағытталған. Нәтижесінде Кеңестер жұмысының бірыңғай нормативтік негізі қалыптасып, кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалаудың объективтілігі мен негізділігі артады.

Бұл өз кезегінде Жоғары Сот Кеңесіне конкурстық іріктеу барысында кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттеріне қатысты неғұрлым дәлелді және уәжді қорытындыларға сүйенуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестердің институционалдық маңызын күшейтіп, оларды формалды консультативтік органнан қоғамдық қатысудың рәсімдік тұрғыдан реттелген және тиімді институтына айналдыруға жағдай жасайды.

Жоғарыда баяндалған мәселелер Қазақстандағы судьяларды іріктеу жүйесінің тәуелсіздік жылдарында әкімшілік сипаттағы кадрлық тағайындау тетіктерінен кәсіби және объективті бағалауға негізделген заманауи конкурстық модельге дейін жетілдірілгенін көрсетеді.

Осы үдерісте ҚР Жоғары Сот Кеңесі судьялар корпусын қалыптастырудың негізгі конституциялық институты ретінде қалыптасты. Кеңес енгізген цифрлық бағалау құралдары, құзыреттерге негізделген сұхбаттар және көпсатылы конкурстық рәсімдер кандидаттарды іріктеудің объективтілігін арттыруға ықпал етуде.

Сонымен қатар судьяларды іріктеу жүйесін одан әрі жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Бұл жұмыстар конкурстық рәсімдердің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға, кандидаттарды бағалау тетіктерін жетілдіруге және кадрлық процестерді цифрландыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, судьяларды конкурстық іріктеу институтын жетілдіруге бағытталған реформалар тәуелсіз, кәсіби және жоғары моральдық қасиеттерге ие судьялар корпусын қалыптастыруға, сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты.



## ЖИЫН

# ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Алматыда Конституция мен заңнамадағы өзгерістерді түсіндіруге арналған ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті.

Алматы қаласындағы №12 Орталық қалалық клиникалық ауруханасында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлері қатысқан.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының негізгі қағидаттарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңға және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру болды.

Кездесуді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының

міндетін атқарушы Әлімхан Шынарай ашып, заңнамалық реформаларды түсіндіру мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтудағы маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті.

Іс-шара барысында заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Дүйсенов Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының негізгі қағидаттары мен конституциялық реформалардың маңызы туралы баяндама жасап, олардың мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі рөліне тоқталды.

Департаменттің Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Нұрлан Тлешалиев сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды



таныстырып, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жаңа құқықтық тетіктерді түсіндірді. Ал Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Венера Мурзагельдинова мемлекеттік қызмет туралы заңнама-

дағы негізгі жаңашылдықтарды баяндап, оларды тәжірибеде қолдану ерекшеліктеріне тоқталды.

Сонымен қатар ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалы директоры Айнұр

Маратқызы мемлекеттік қызметті дамытудағы құқықтық реформалардың маңыздылығы, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру және тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастыру мәселелері жөнінде баяндама жасады.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, заңнамалық өзгерістерді практикалық тұрғыдан қолдану бойынша жан-жақты түсіндірмелерге ие болды. Ашық диалог форматында өткен іс-шара мемлекеттік қызмет саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік берді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін арттыруға, заң талаптарын түсіндіруге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырады.

**Мемлекеттік қызмет істері**  
**агенттігінің Алматы қаласы**  
**бойынша департаменті**

МЕЖЕ

# ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Қазақстан өзінің тәуелсіздік жылдарында құқықтық мемлекет құру жолында маңызды кезеңдерден өтті. Солардың ішінде Конституциялық реформалардың орны ерекше. Конституция – мемлекеттің құқықтық іргетасы ғана емес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың негізі.

2022 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституциялық өзгерістер еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға және азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталды. Бұл өзгерістер «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын нығайтуға мүмкіндік берді.

Судья ретінде Конституцияның қоғам өміріндегі рөлін күнделікті тәжірибеде айқын көремін. Себебі, сот төрелігінің басты қағидаттары – заң үстемдігі, адам құқықтарын қорғау және әділдік принциптері тікелей Конституциядан бастау алады. Әрбір сот шешімі Конституция талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

Жаңа Конституциялық өзгерістер азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтті. Атап айтқанда,

Конституциялық Сот институтының құрылуы азаматтардың өз құқықтарын қорғаудағы мүмкіндіктерін кеңейтті. Енді әрбір азамат өз құқықтарының



бұзылғанын сезінсе, Конституциялық Сотқа жүгіну арқылы заңдардың немесе нормативтік актілердің Ата Заңға сәйкестігін тексерте алады. Бұл құқықтық мемлекеттің маңызды бел-

гісі болып табылады.

Сонымен қатар, Конституцияда адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде айқындалған. Мемлекеттік органдардың қызметі де осы қағидатқа негізделуі тиіс. Сот жүйесінің міндеті – осы конституциялық құндылықтарды қорғау және азаматтардың заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Жаңа Конституция қоғамдағы әділдік қағидатын нығайтуға да серпін берді. Заң алдында барлығының теңдігі, сот тәуелсіздігі, мемлекеттік билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі сияқты қағидаттар демократиялық мемлекет дамуының маңызды шарттары саналады.

Бүгінде Қазақстан жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру кезеңін бастан өткеруде. Бұл үдерісте Конституцияның маңызы арта түседі. Себебі Ата Заң – тек құқықтық құжат ғана емес, елдің болашағын айқындайтын стратегиялық бағдар.

**Абай ШАРИПБАЕВ,**  
**Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## Сот орындаушыларының әрекеттеріне шағым көп

Жамбыл облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Самат Таусаров жартыжылдықтағы сот төрелігін жүзеге асыру бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысын жариялады. Өңірде 6 айда 657 талап қою түсіп, оның 78,7 пайызы аяқталған. Былтырғы сәйкес кезеңде 630 талап қою түсіп, оның 72,4% аяқталған.

«Қаралған әкімшілік істерден 27,6 пайызы бойынша шешім шығарылды. Талаптарды қанағаттандыру деңгейі 43,3-тен 46,3 пайызға өсіп отыр. Даулардың санаттары бойынша келіп түскен талап қоюлардың ең көбі, нақты айтқанда 28,9 пайызы сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты. Одан кейінгі орында жер-құқықтық қатынастары (12,6%) бойынша талап қоюлар тұр. Ал өзге даулар бойынша – 12,3%, мемлекеттік сатып алу саласы бойынша – 11,1%, тұрғын үй даулары бойынша – 7 % талап қоюлар болды», – дейді Самат Таусаров.

Облыс соттары кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау кезінде 23 іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы шешімдер шығарды. 7 іс бойынша медиациялық келісімдер және 1 іс бойынша татуласу келісімі жасалса, жер даулары бойынша 4 іске талап қоюлар қанағаттандырылған. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар бойынша 16 іс, салық даулары бойынша 2 іс қанағаттандырылған.

Егер олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кететін болсақ әкімшілік істер бойынша татуласу 9 пайыз болды. Оның ішінде 49 талап қою медиация тәртібімен, 2 талап қою татуласу келісімдерін жасауға және 1 талап қою партисипативтік келісімін жасауға байланысты қайтарылған. Осылайша, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда татуласу 2 пайызға өскен. Талапты қайтару туралы арызға сай 21 талап қою қайтарылған. Талап қоюды қайтару бойынша – 346, талапты қайтару туралы арыз бойынша –184 талап қайтарылған.

«Сот төрелігінің атқару сапасы жайлы апелляциялық және кассациялық сатылар бойынша айтар болсам, бірінші сатылы соттардың 103 шешімдеріне шағым жасалған. Оның ішінде: күші жойылғаны – 3 шешім (1,8%). Өзгертілгені – 4 шешім (3,1%). Күшінде қалдырылғаны – 57 шешім (81,4%). Әкімшілік істер бойынша кассациялық тәртіппен 11 шешім мен

2 ұйғарымның күші жойылды. Сонымен қатар, 1 шешім мен 1 ұйғарым өзгертілді. Апелляциялық тәртіпте жана сот талқылауына жіберілгені – 5 іс. Егер жеке ұйғарымдарға келсек істерді қарау нәтижелері бойынша соттармен мемлекеттік органдарға және жеке сот орындаушыларына 33 жеке ұйғарымдар шығарылған. Оның 18-і орындалған. Былтырғы жылдың осы кезеңінде 22 жеке ұйғарымдар шығарылған. Яғни, жеке ұйғарымдардың шығарылуы 50 пайызға өскен. 15 жеке ұйғарымдардың орындалмаған себептері – 8-і заңды күшіне енген, алтауы апелляциялық сатыда қаралуда, біреуінің күші жойылған», – дейді Жамбыл облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Самат Таусаров.

С. Ибрагимұлының сөзіне қарағанда, былтырғы сәйкес кезеңде 1 612 120 теңгеге ақшалай өндіріп алу туралы 20 ұйғарым шығарылған еді. Быыл 735 250 теңге мөлшерінде лауазымды 7 ақшалай өндіріп алу қолданылған. Ақшалай өндіріп алуды қолдану және жеке ұйғарымдардың шығарылуы оң нәтижесін беріп, әкімшілік органдармен, лауазымды тұлғалармен ӘРПҚ-де көзделген өтініштерді қарау тәртібін сақтаумен байланысты әкімшілік рәсімін жүргізу, соттың талабы мен сот актілерінің уақытылы және толық орындалуын тәртіпке келтірді. Быыл сонымен қатар әкімшілік істерді жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау тәжірибесі де қарқынды түрде жүргізілуде. Процеске қатысушылар мен соттың уақытының үнемделуі, қаржылық шығындардың азаюы, сот талқылауының болмауына байланысты тараптардың дауды жанжалсыз шешуі, сот отырысы залдарының жүктемесінің азаюы, бұл іс жүргізудің басты артықшылықтары болып табылады. Аяқталған істердің 57-сі жазбаша өндірісте қаралды. Атап айтқанда, 49-ы экономикалық сотта, сегізі Байзақ аудандық сотында.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

ӨНДЕУ СЕКТОРЫ

Ауыл шаруашылық тауарын өндіруші деген кезде көпшілік қауым әдетте өзінің күнделікті тұтынатын азық-түліктерін ғана еске алады. Сол себепті отандық өндірушінің өнімі деген сөзге әркім өртүрлі қарайды. Біреулер оны экологиялық жағынан таза, табиғи, сапалы өнім деп түсінсе. Екіншілері сапалы өнімнің бағасы да қымбат болады деп ойлайды. Үшіншілері, қазір ғылым мен техниканың дамыған заманы. Өз халқының қауіпсіздігіне мемлекет өзі жауапты болғандықтан, нарықтағы барлық өнім қатаң тексерістен өтеді. Ешкім өз бетімен құзырлы органдардық рұқсатынсыз тауарын сауда орындарына шығарып сата алмайды. Сондықтан әркім өзіне ұнаған өнімді сатып алады. Бағасы қымбат болса, демек ол сапалы дегенді білдірмейді дейді. Әрине олардың ешқайсысына ешкім сенікі дұрыс, сенікі қате дей алмайды. Кім қандай өнімді сатып алады деген кезде тұтынушыда таңдау құқы болу керек. Бұл нарықтық экономиканың басты талабы.

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУ МЕН ӨНДЕУ ӘРҚИЛЫ

Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер санына қатысты Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, шілде айының басында экономикалық қызметтің «Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну» деп аталатын түрі бойынша еліміздегі заңды тұлғалар мен филиалдар саны – 19887 болды. Оның 18 449-ында бұл негізгі, 1 438-інде қосалқы қызмет түрі саналады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің арасында заңды тұлғалар мен олардың филиалдарынан бөлек 12 182 – дара кәсіпкер, 237 689 – шаруа немесе фермер қожалықтары және 1 617 124 кенттің, ауылдың, ауылдық округтердің ұй шаруашылықтары бар.

Бір қарағанда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер саны жеткілікті боп көрінуі мүмкін. Алайда оны аймақтар бойынша жеке қарастырған кезде үлкен айырмашылықты байқауға болады. Мәселен, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдар саны жағынан Түркістан (3 938), Ақмола (2 073) Алматы (1 549) облыстары алда болса, Ұлытау (105), Атырау (169), Маңғыстау (271) облыстары ең соңғы орындарда тұр. Ал дара кәсіпкерлер саны жағынан Түркістан (4279), Жамбыл (1059), Алматы (764) облыстары бастаған тізімді, Шығыс Қазақстан (231), Абай (172), Ұлытау (81) облыстары түйіндеуде. Шаруа қожалықтары саны жағынан да Түркістан (79853), Жамбыл (27713), Алматы (23253) облыстары көшбасшы болса, Маңғыстау (3140) облысы мен Алматы (1538), Астана (1115) қалалары соңғы орындарға жайғасқан.

Бұл айырмашылық өңірлерде-

КНЕ

Мемлекеттік тіл тұғырының биік болуы – еліміздің меркенеуінің басты шарты. Егемендік алғалы бері ана тіліміздің қолданыс аясы барлық салада, соның ішінде құқықтық кеңістікте де жүйелі түрде кеңейіп келеді. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек заң жүзіндегі талап ғана емес, бұл азаматтардың конституциялық құқығын толық қамтамасыз етудің нақты кепілі. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде әрбір адам өзіне түсінікті тілде еркін сөйлеп, ойын ашық жеткізуге хақылы. Бұл процесс сот талқылауының әділ әрі ашық өтуіне тікелей ықпал етеді. Азамат сот залында заңдық терминдерді өз тілінде толық ұғынған кезде ғана шынайы әділдік орнайтынына көз жеткізеді. Сондықтан бүгінгі таңда сот органдарында іс қағаздарын жүргізу мен сот отырыстарын қазақ тілінде сауатты өткізу жұмыстарына басымдық берілуде.

# ҚАЖЕТТІЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІЛ ДАМИДЫ

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей, азаматтардан түсетін талап-арыздардың мемлекеттік тілде жазылу көрсеткіші жылдан-жылға артып келеді. Істі қарау, сот шешімдері мен ұйғарымдарын шығару процестері де ана тілімізде заң нормаларына сай мүлтіксіз жүргізілуде. Заңнамаға сәйкес, сот отырысының қай тілде өтуі ең алдымен арыз иесінің қалауына байланысты шешілетінін ерекше атап өткен жөн. Егер процеске қатысушы тараптарға аудармашы қажет болса, мемлекет оны толықтай тегін қамтамасыз етеді. Десе де, бүгінде сот жүйесі мамандарының ғана емес, прокурорлар мен қорғаушылардың да қазақ тілін еркін меңгеріп, сот

процестерінде мемлекеттік тілде сауатты сөйлеуі қалыпты үрдіске айналды.

Сот төрелігі саласында мемлекеттік тілдің салтанат құруы – халықтың сот билігіне деген сенімін нығайтатын маңызды біріктіруші фактор. Ана тіліміздің мәртебесін биіктетіп, оның сот өндірісіндегі рөлін одан әрі дамыту – осы салада қызмет етіп жүрген әрбір маманның азаматтық парызы. Мемлекеттік тілдің тұғыры қашанда биік болмақ. Оның сот жүйесіндегі қолданыс аясы уақыт өткен сайын кеңейе беретініне сеніміміз кәміл.

**Гүлжан МИНЖАСАРОВА,**  
**Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің бас маманы**



артылған болатын. Алайда олар өзіне жүктелген міндетті толық жоғары деңгейде жүзеге асыра алмай отыр. Оны Мемлекет басшысы да атап өтіп, нақты тапсырма бергенімен әзірге оң нәтиже болмай тұр. Оған шикізатты өндірушілер мен өңдеушілердің дайын өнімін тұтынушыларға тікелей жеткізушілердің өз қызметін жоғары деңгейде ұйымдастыруына мүмкіндік беретін логистикалық мүмкіндігінің шектеулілігі түрткі болуда. Оны өз

тушылар жайғасып алған. Бір сөзбен айтқанда әлі көзбояушылық көп», дейді өзін Мәриям деп таныстырған тұтынушы. Оның айтуынша, үй шаруашылықтарында өндірілген артық өнімді жинап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолжетімді бағада сататын сауда кооперативтері әр ауданда құрылатын болса олар базар жағаламас еді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## КЕСЕЛ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің өлеуметтік-экономикалық дамуына, құқықтық жүйенің тиімділігіне және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сеніміне өлеулі нұқсан келтіретін келеңсіз құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тиімді іс-қимыл жүргізу – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

# ОРТАҚ КҮРЕС ҚАНА ОҢ НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негізін ҚР Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңы, Қылмыстық кодекc, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс және өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды. Бұл заңнамалық база мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы өз жолдауларында құқықтық мемлекет құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Осы міндеттерді жүзеге асыруда сот жүйесіне де үлкен жауапкершілік жүктеледі. Себебі сот билігі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сенімді қорғаны әрі заңның әділ қолданылуын қамтамасыз ететін маңызды мемлекеттік институт.

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында судья тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьяның тәуелсіздігі, бейтараптығы, адалдығы және әділдігі – сот жүйесіне деген қоғамдық сенімнің негізі. Судья кез келген істі қарау кезінде заң талаптарын қатаң сақтап, барлық тараптардың теңдігін қамтамасыз етуге, дәлелдемелерді жан-жақты әрі объективті бағалауға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек құқық бұзушылықтар орын алғаннан кейін жауапкершілікке тартумен ғана шектелмейді. Оның негізгі бағыты – алдын алу шараларын күшейту. Бұл ретте мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін цифрландыру, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, қоғаммен ашық байланыс орнату сияқты тетіктер маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда цифрлық технологияларды енгізу де жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің тиімді құралына айналды. Электрондық сот ісін жүргізу, құжат айналымының автоматтандырылуы, сот процестерінің ашықтығы мен жариялылығы адами факторды азайтып, азаматтардың сот жүйесіне қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудың маңызы зор. Әрбір азамат заң талаптарын сақтауға, құқықтық мәдениетін арттыруға және кез келген құқыққа қайшы әрекеттерге бей-жай қарамауға тиіс. Жемқорлықпен күрес мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін әркім түсінуі қажет.

**Ульяна ХАЙРУЛЛИНА,**  
**Батыс Қазақстан облысының**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**экономикалық сотының судьясы**

## АЛТЫН КӨМБЕ

# НАҚЫСБЕК ШЕШЕН

Қазақ халқында «Елге бай құт емес, би құт» деген сөз бар. Бұл байлығы бір жұттық адамдардың өмірі ешкімге үлгі-өнеге бола алмайтынын, ал елдің сөзін сөйлеп, «Тура биде туған жоқ, туғанды иман жоқ» деп әділдіктің жоқшысы болған адамның жақсы аты өлмейтінін білдірсе керек. Әйтсе де көп адам бір өзі бір рулы елді ғана емес, бүкіл бір ұлысты аузына қаратқан Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ісін жалғастырып жүрген қазір кімдер бар дегенде күмілжіп алады. Әйткені, бір кездері өз ішіндегі дау-дамайға төрелік ететін адамда халық өзі таңдап алатын. Патшалық Ресей дәуірінен кейін бұл үрдіс жойылып, халықты биді өзі таңдау құқығынан айырды. Сондықтан билігі ұлттың не ұлыстың емес, шағын ауыл-аймақтың деңгейімен шектелген билердің орнын қазір Президент жарлығымен сайланатын соттар басқанымен, олар бұрынғының билеріндей елдің өз адамы болып кете алған жоқ.

Қазақ тарихында «қара қылды қақ жарған» әділдігімен елге құт болған билер аз емес. Олардың есімін әлі күнге дейін тек ұрпағы ғана емес, бүкіл ел ауыздан-ауызға таратып, ғасырдан ғасырға жеткізуде. Соның бірі – Нақысбек Жалпетеқұлы. Алматы облысының Ұйғыр, Нарынқол, Кеген аудандары мен шекараның арғы бетіндегі бір қауым жұрт «Нақысбек шешен», «Нақысбек би», «Нақысбек ақалақшы» деп танитын бұл кісі 1865 жылы әйгілі Шәлкөде жайлауында өмірге келіп, 1936 жылы Қытай елінде көз жұмған екен.

Нақысбектің әкесі Жалпыетек ағайын арасындағы ел, жер, жесір дауының түйінін шешудегі әділдігімен би атанған адам екен. «Әке балаға сыншы» дегендей Нақысбектің бойындағы алғырлығын, тапқырлығын байқаған соң ес біліп, етек жапқаннан кейін қасына ертіп жүріп, ел басқару ісіне баулиды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей жасынан көргені мен естігенін бойына тоқып өскен Нақысбек қатарынан қара үзіп алға шығып, ерте ел ісіне араласып кетеді.

### РУХАНИ МҰРА

Корея Республикасының Пусан қаласында 19 шілдеден бері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 48-ші сессиясы өтіп жатыр. 29 шілдеге дейін созылатын бұл шарада 196 елдің ішінен сайланған Бүкіләлемдік мұра комитетінің 21 мүшесі қай жаңа нысандарды Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу керектігін анықтап, бұрыннан тіркелген нысандардың сақтауын бақылайды.

Бұл жиында Бүкіләлемдік мұралар тізімі Қазақстандағы жаңа аталымдағы бес нысанмен толықты. «Маңғыстаудың жерасты мешіттері және олармен сабақтас нысандар» деп аталады бұл аталымға Шопан ата, Қараман ата, Шапқақ ата, Сұлтан ене және Бекет ата секілді бес киелі кешен енді.

2024 жылы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы

Маңғыстаудың бірегей табиғи келбеті мен тарихи-мәдени мұрасын әлемге кенінен танытуды және өңірдегі жерасты мешіттерді ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу жұмысын бастауды тапсырған болатын. Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарламасы бойынша, Бүкіләлемдік мұра комитеті нысанның (II) және (III) критерийлер бойынша айрықша әмбебап құндылығын мойындады. Комитет Маңғыстауда сопылық дәстүр мен көшпелі мәдениеттің сан ғасырлық сабақтастығы нәтижесінде қалыптасқан бірегей киелі кеңістіктің әлемдік мәдени мұра үшін маңызын атап өтті. Әрбір кешеннің құрамына жерасты мешіттері, қорымдар, сопылық ілім өкілдерінің кесенелері мен жерлеу орындары, зиярат жолдары, киелі құдықтар және діни мәні бар өзге де нысандар кіреді. Бұл орындар ғасырлар бойы үзілмеген рухани дәстүрдің сақталуына ықпал етіп, бүгінге дейін зиярат етушілердің маңызды орталығы ретінде маңызын жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар киелі орындарды күтіп-баптап, олардың сабақтастығын жалғап келе жатқан шырақшылық дәстүрі де сақталған.

# Маңғыстаудағы жерасты мешіттері бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді

Бес кешеннің барлығы мемлекет қорғауында және Республикалық маңызы бар таури және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Оларды ұзақ мерзімге сақтауды қамтамасыз ету мақсатында 2027–2032 жылдарға арналған кешенді басқару жоспары әзірленіп жатыр. Құжатта ескерткіштерді сақтау, киелі тарихи-мәдени кеңістікті қорғау, келушілер ағынын тиімді ұйымдастыру, ықтимал қатерлердің алдын алу және ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелері қамтылған.

Жалпы 1972 жылы Бүкіләлемдік мұра конвенциясы қабылданғаннан бері Бүкіләлемдік мұра тізіміне 170 елден 1 248 мәдени, табиғи және аралас нысан енген болатын. Оған Қазақстаннан бұған дейін 3 аталым бойынша – 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі; 2004 жылы Таңбалы археологиялық петроглифтері және «Жібек жолы: Чанъань-Тянь-Шянь дәлізі бағыттары желісі» бойынша Ақтөбе, Ақыртас, Қарамерген, Қаялық, Көстөбе, Құлан, Өрнек, Талғар компонттері енген еді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

9. «Hand to hand» ЖШС (БСН 090840015706) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050050, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 404/67/9-үй, 112-кеңсе. Тел. +77005505551.

10. «InterFoodInvest» ЖШС (БСН 141140014271) (Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек Жолы ауылы, Тілендиев көшесі, 28А үйі) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қ.Мұхамедханов көшесі, 6Б, 2-кіреберіс, G қабат, 49-кеңсе. Тел. +7 702 305 4061.

11. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жоғары колледжі» ЖШС (БСН 200740005116) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, А. Бөкейханов көшесі, 15а, тел. 87472707174.

# ЖАРНАМА

## ӘРТҮРЛІ

3. «Горде» ЖШС (БСН 120540000160) өзінің жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сафуан Шаймерденов көшесі, 4/3-үй, 1-кеңсе, немесе эл.пошта арқылы: sk\_gk@bk.ru.

4. «EBF Finance» ЖШС (БСН 210640041110) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 179 көшесі, 1/2-үй. Тел. 8 701 734 64 77.

## МҰРАГЕРЛІК

5. 16.07.2026 ж. қайтыс болған Абдрахманов Султанбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 11.06.2007 ж. қайтыс болған Кошкимбаева Сапаркульдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

7. 07.07.2025 ж. қайтыс болған Қуантаев Есембайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

| ЖАРНАМА БӨЛІМІ:                                    | ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Алматы қаласы</b><br>Тел.:<br>8 (708) 929-98-74 | «Profy Agency kz» ЖК<br>Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99<br>Алматы қаласы, Абайай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz | 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.                          | Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21                                                                                                    |
| <b>Е-мәйл:</b><br>zanreklama@mail.ru               | «Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.                                                                     | «Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.                                                                     | «Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74                                                 |
|                                                    | «KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,                                                                                                                    | «Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34                                                                                          | Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59 |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                | «Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.                                                 | «С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939                                                                 |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                | Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71                                                                                                  | «Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04                                                                                |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                | Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18 | Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06                                                                                 |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                | Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-                                                                                                                                 | «Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент                                                                                           |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com                                     |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877                                                                  |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960                                                                                 |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221                                                                                         |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885                                                                                            |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | «Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05                                                                         |
|                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                         | «Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.                                                                       |

***(Соңы. Басы өткен № 54санда)***

Бір ай бойғы іздеу, ештеменің ұштығынан ұстаппады. Қос бойжеткен үшті-күйлі хабарсыз . Полиция мектеп бітірушілер кешіне қатысқандарды, ауыл адамдарын тергей бастады. Сол күні клубтың күзетшісі Сақбай сағат 23.30-дарда ақ көйлек киген екі қыз-дың қызметтік кіріберіске келгенін бай-қаған. Бұл – ғимараттың ту сыртына орналасқан есік, алды алаңқай, одан әр-мен орманға қарай жол кетеді. Қыздар әлдекіммен сөйлесіп тұрды, қараңғыда қарауыл кім екенін көре алмаған. «Мен нашар көремін, әсіресе алақөбенде, – деді тергеушіге. – Бірақ олар екеуі ғана болмағанын нақты білемін».

Түнгі 12-ге 15 минут қалғанда ауыл тұрғыны Жанна Сартбасева үйіне қарай клубтың қасынан өтіп бара жатып, ғи-мараттың ту сыртындағы орман жактан машина маторының үнін естіген. Көлік фарынан құйылған жарық ағаштарды шалып барып сөнген. Әйел мерекеден қайтқан жастар болар деп, бұған мән бермеді.

Есім Елемесов жағдайға орай «күдік-ті» ретінде қаралды. Әкесі «мен ұлымды сол күні 11 жарымда үйден көрдім» деп, айғағын көлденең тартты. Күмәннің көлеңкесі шалған Думанды да тексерді. Директор сол түні үйінде қонғанын мағұлымдады. Оны куәлері растады.

Іздеушілер тобын бастап, табаны таусыла орманды ақтаған клуб бас-шысына ел бәрібір күмәнмен қарады. «Қыздардың қыр соңынан қалмайтын осы... Кабинетіне қайта-қайта шақыра беретін... Жас қыздарға көзі түскіш...» деген сыпсың сөз қоса ілесіп жүрді.

Іс бірте-бірте тығырыққа тіреле бастады. Күзге қарай іздеу тоқтатылды. Істі ресми түрде жаппағанымен, тергеу, сұрау доғарылды. Ата-аналар үмітін үзбей, Аллаға жалбарынып, күтұмен сарылды. Жылдар өте берді, Гүлзат пен Сандуғаш із-түзсіз...

Есім Елемесов ақыры отбасын құра алмады. Арақ ішіп кетті, соңыра аудан орталығына қоныс аударып, механик болып жұмыс істеді. Ауылдастары оны кездейсоқ көріп қалса, көзінен әлдебір мұңның ізін байқайтын. Думан клуб директоры болып табаны күректей он бес жыл қызмет етті. Сосын 2018 жылы қалаға көшті.

\*\*\*

... Елеусіз ғана тым-тырыс жатқан көне клуб ақыры сыр бере бастады.

Іргетастың қуысынан шыққан заттар бір кезде жабылды делінген істі қайта тірілтті. Әппақ көйлек, жеке куәлік, бет-орамалға мұкият түйілген әшекейлер, шағын қолсөмке... Уақыт олардың өңін оңдырғанымен, сырын өшіре алмапты. Абылай тергеуді дәл осы үнсіз куәлардан бастады.

Заманауи сараптама көп күттір-мей-ақ алғашқы тосын жаңалығын әкелді. Ақ көйлектің талшықтарына көзге әрең шалынатын мотор майының жұғындысы сіңгені, оған қоса, матаға жабысқан ағаш шайырының қарағайдікі екені анықталды.

Абылай ойланып қалды.

Өйткені алғашқы іздеу жұмыстары көл маңында жүргізілген. Ол өңірде аққайың мен көктеректер. Ал қарағай... Қарағай басқа жақта өседі. Демек, қыз-дар іздеу жүргізілген жерге мүлде бар-маған.

Бір кезде бүкіл тергеудің өзегіне ай-налған болжам алғашқы соққыдан-ақ шайқалып шыға келді. Бірақ мұнымен жұмбақ шешілген жоқ. Қыздардың барлық жеке заттары клубтың іргета-сынан табылды. Егер олар орман ішінде жоғалса, бұйымдары бетон астына қала-лай түсі?

Осы бір сауал тергеушіні мұрағатқа жетеледі.

Көптен ашылмаған папкалардың арасынан ол клубтың шаруашылық журналына кезікті. Ондағы бір жаз-ба назарын еріксіз өзіне аударды. «29 маусым. Қызметтік кіреберіс іргетасын шұғыл жөндеу қажет.» Өтінімге дирек-тор Думан Халиметовтің өзі қол қойған.

Құжаттағы келесі мәлімет одан сай-ын ойландырды.

Жөндеу екінші әлде үшінші шілде күндері жүргізілген. Дәл сол уақытта ауылдың ер-азаматы тегіс жоғалған екі

# АҚ КӨЙЛЕК

ӘНГІМЕ



қызды іздеп, көл мен тоғайды кезіп жүр-ген. Ал клубтың тасасында әлдекімдер бетон құйып жатқан.

Бірақ кімдер? Қызығы сол – жұмыс-шылардың аты-жөні еш жерде көрсетіл-мепті.

Абылай сарғайған қағазды үстелге жайлап қойды. Енді қағазға емес, адам жадына үңілетін уақыт жеткенін түсінді.

Жиырма үш жыл аз мерзім емес. Көп куәгер бұл дүниеден өткен, көп естелік көмескіленген. Бірақ кейде адам сана-сында еш себепсіз сақталып қалатын бір ғана көрініс тұтас істің тағдырын өз-гертіп жібереді. Сол үмітпен ол оқиғаны көзімен көргендерді қайта іздей баста-ды.

Ауыл мектебінің бұрынғы мұғалімі Жамал Сағынтаева алғашқыда ештеңе есіне түсіре алмады. Алайда әңгіме жалғаса келе кенет ол кілт бөгелді.

– Бір қызық жайт болған екен-ау... – деді маңдайын сипап. – Енді ғана есіме түсіп отыр...

Егде әйелдің айтуынша, 2002 жыл-дың екінші шілдесінде әлдебір құжатты апарып беруге клубқа барған. Сонда қызметтік кіреберістің маңында екі жі-гіттің цемент езіп, іргетасқа бетон құй-ып жатқанын көрген.

– «Апыр-ай, бүкіл ауыл қыздарды іздеп сабылып жүргенде, бұлар мұнда не істеп жүр?» деп іштей таңғалғаным есімде, – деді апай. – Бірақ кім екенін сұрамаппын. Қарапайым жұмысшылар шығар деп өте шықтым...

Абылай үнсіз қалды.

Кейде адамның назар аудармай кет-кен бір сәті жылдар өткен соң қылмыс-тың ең маңызды бөлшегіне айналады. Бұл естелік те сондай еді. Демек, клуб-тың іргетасына жөндеу шынында жүр-гізілген. Ал сол бетонның астынан бүгін қыздардың бұйымдары табылып отыр. Екеуінің арасындағы байланысты кез-дейсоқтық деу барған сайын қиындай түсті.

Осы сәттен соң Абылай Әзімханұлы әуелгі тергеудің әр жолына күмәнмен қарай бастады.

Ол мұрағатқа қайта кірді.

Сарғайған хаттамалар, іздеу карта-лары, куәгерлердің жауаптары, оқиға орнында түсірілген суреттер... Бұрын бірнеше рет қаралған дүниелер енді мүлде басқа мағына бере бастағандай. Ақыры оның назары Есім Елемесовтің түсінігіне тоқтады. 2002 жылдың бірін-ші шілдесінде алынған жауапта мына-дай сөйлем бар екен: «Қыздардың күн-гірт күртеше киген ер адаммен орманға қарай кеткенін көрдім...»

Абылай осы тұста еріксіз жымыиып қойды. Жымығаны – сенгенінен емес. Керісінше, дәл осы сөздің шындыққа мүлде жанаспайтынын аңғарғандықтан.

Маусымның соңы. Аптап таңға ба-сылмайтын кез. Сол жылғы ауа райы жөніндегі мәліметте түнгі температу-раның өзі жиырма үш градустан төмен түспеген. Ондай мезгілде қалың күрте-ше киіп жүру ақылға сыймайтын. Ен-деше... Есім әлдекімді ойдан шығар-

ды. Әлде қараңғыда көргенін басқаша жеткізді. Әлде... біреуді әдейі жасырып қалды ма?

Әзімханұлы жауаптан гөрі сұрақ кө-бейгенін сезді. Бірақ тәжірибелі тер-геуші үшін бұл жаман белгі емес еді. Өйткені ақиқатқа апарар жол көбіне дәл осындай ұсақ сәйкессіздіктерден баста-латын.

Аға лейтенант Елемесовті тауып, көзбе-көз сөйлескенді жөн санады. Қазір ол 42 жаста, аудан орталығы Бесқарағайда тұрады, автосервисте ме-ханик. Өріптестері оны көп ішіп, әңгіме-лесуден қашқақтайтын тұйық адам деп сипаттады. Тергеушілер үйіне келгенде Есім сақтықпен қарсы алды. Пәтері ескі бұйымдарға тола екен. Қабырғада күнге оңған қыздардың жоғалғаны жөнінде-гі газет қиындысы. Үстел үстінде ин-тернеттен алынған әралуан көпшіліктің пікірлері жатты. Осының бәрі әлі оның өткеннен қол үзе алмай жүргенін аңдат-ты.

– Күндердің күнінде маған соңымнан келетіндерінді білдім, – деді ол әбден тозып, отырғышы жөпірейе тапталған диванға жайғасып жатып. Абылай одан сол түнге қатысты есінде не бар, бәрін айтып беруді сұрады. Есім бір мезет мелшиие отырды да, әлденуақта сөзін бастады.

– Сол кезде мен клубта техник бо-лып жұмыс істедім. Үндеткіштердің дыбысына, жарыққа және құралдарға жауап бердім...

Гүлзат кезекті рет оған биге шықпай кеудесінен итергендей болғанда, жұрт-тың көзінше қыз өзін менсінбегенін сезінді. Сағат он бірлерде концерт аяқталып, би басталғанда Есім қызмет-тік бөлмесіне кеткен. Ашу бұған жі-гіт алдын ала әкеп қойған бір бөтелке арағының жартысын ішіп алды. «Мен мас әрі ашулы болдым» деп мойындады ол. Кештің соңын күтуді ұйғарды. Гүл-зат үйіне қайтып бара жатқанда бөген, сөйлеспекке бекінді. «Клубтан түнгі 12 жарымда шықтым. Мереке жалғасып жатты, бірақ одан әрі онда отыра алмай-тынымды ұқтым» деді.

Есім клубты айналып жүрді. Қыз-меттік есіктен кіріп, техникалық бөл-меден сөмкесін алмаққа ниеттенген. Кіре беріске таянғанда табалдырықтың алдында машина тұрды. Фары сөнулі, айдың жарығы оның УАЗик екенін анық аңғартады. Біреу көліктің арт жағында әлденемен әуреленіп жатты. Мен қа-раңғылық көмген қалтарыста тұрып қал-дым, «мас күйімді көрмей-ақ қойсын» дедім. Әлгі адам артқы есікті ашып, ішіне сұғына еңкейді. Оның қимылы шалт, әрекетінен сабырсыздық білін-ді. Әлдебір буыншақты әлде сумканы алды да кіреберіске беттеді. Оның кілті болды, есікті ашып, ішке кірді. Есім тіксініп қалды, беймәлім адамның жүр-гені көңіліне қонбады. «Мүмкін, ұры шығар» деп ойлады. Ол кері бұрылды. Сосын үйіне басқа жолмен кетті. Таңер-тең қыздардың жоғалғанын естігенде абдырай аңтарылды. Көргенін мәлімдеп,

түн ішінде клубтың қасында жүргенін мойындағысы келмеді. Ұлынан күмәнді басқа жаққа аудару үшін, әкесі оның куртка киген беймәлім адам жөнінде айтуын қалады.

– Мен өмір бойы өзімді кінәлаймын, – деді Есім жүзін алақанымен жауып, – егер сонда ақиқатты айтқанымда олар-ды тапқан болар ма еді, мүмкін сол түні ішке енгенімде бірдеме жасай алар ма едім, бірақ мен қорықтым. Содан бері тыныш ұйықтай алмаймын.

Инспектор оның бүкпесіз әңгімесіне алғысын білдірді. Келесі көкейінен кет-пей жүрген куәгер Семейге қоныстанған бұрынғы клуб директоры Думанды та-уып сөйлесу керек деп ұйғарды.

Қала шетіндегі бес этаж ескі үйдің үшінші қабатында Д. Халиметов жалғыз тұратын. Есікті ашқан ер адамды сурет-тен жиі көргендіктен жазбай таныды. Шашына ақ кірген, иегі сәл салбыраға-нымен, көзіндегі баяғы сергектік әлі жоғаймапты.

– Думан Халиметовсіз бе?

– Иә... Менмін.

– Бесқарағай аудандық полициядан аға лейтенант Абылай Қайсенмін. Кеңа-рықтағы іс бойынша бірнеше сұрақ бар еді. Самай шашы ағарған ер адам селк ете қалып, жанары жыпылықтады.

– Кі... кіріңіз...

Пәтер іші тым-тырыс. Ескі жиһаз, кітап сөресі, терезе алдындағы сола бастаған гүл сүренсіз тірлікті аңдатты.

Абылай құжаттарын үстелге жайып қойды.

– Клубтың іргетасынан табылған заттарды естіген шығарсыз?

– Естідім. – Думан сыбыр ете ғап, сілейе мелшиді. Сосын терең күрсінді. Абылай оның жүзінен үрейді емес, әл-дебір қажытқан өкінішті аңғарды.

– Сізден екі нәрсені анықтағым ке-леді. Әуелгісі мынау.

Аға лейтенант бумадан сарғайған бір құжатты суырып алып, Думанның алдына сырғытты.

– Мына құжатты танысыз ба?

Думан көзілдірігін киіп, қағазға үңілді. Бір сәттен кейін маңдайы әжім-деніп кетті.

– Иә... клубтың шаруашылық журна-лы сияқты...

– Дұрыс. Екі мың екінші жылғы жиырма тоғызыншы маусым. Дәл сол күні сіз қызметтік кіреберіс іргета-сының жарылғанын көрсетіп, шұғыл жөндеуге өтінім бергенсіз. – Абылай Әзімханұлы оның жүзіне тесіле қарады. – Айтыңызшы... осы жөндеу жұмысы-ның қыздардың жоғалуына қандай да бір қатысы бар ма?

Думан таңырқай басын көтерді.

– Жоқ... ешқандай қатысы болған жоқ.

– Неге дәл сол күндері жөнетуге асықтыңыз?

– Іргетас шынында жарылған еді. Сынған бөлегі жылжып кетіп, қабырға мен төбесі зақымдана ма деп сақтандық. Кейінге қалдырсам, күрделі жөндеуге ұшыраармыз деп қауіптендім. Бар болға-ны сол.

Абылай үнсіз бас изеді.

– Жөндеу жұмысын кім жүргізді?

Думан біраз ойланды.

– Шынымды айтсам... нақты есімде жоқ... – Ол маңдайын сипалады. – Сол күндері бәріміз қыздарды іздеумен са-былып жүрдік қой... Қай күні, кім кел-гені жадымда емес, бәрі сапырылысып кетті... Бірақ... – сөзін аяқтай алмай бө-гелді.

– Бірақ?..

– Шайдар көмектескен сыңайлы... Иә... иә... есіме түсті. Өз еркімен жәрдем беретінін айтты. Қасында інісі де болған тәрізді...

Абылай мұны дәптеріне түртіп қой-ды. Сәлден кейін жаңа сұраққа көшті.

– Думан Қайратұлы...

– Тындап тұрмын.

– Жиырма үш жыл бойы клуб ір-гетасының қуысында Гүлзат пен Сан-дуғаштың заттары жатқан. – Бөлме іші меңірейген тыныштыққа көмілді. – Жеке куәлігі... әшекейлері... сөмкесі... ақ көйлегі... – Абылай әр сөздің арасына кідіріс жасады. – Олар бетонның астына қалай түсті?

Думанның жүзі сұрланып кетті.

– Білмеймін...

– Мүлде еш болжамыңыз жоқ па?

– Жоқ.

– Жөндеу кезінде ештеңе байқама-дыңыз ба?

– Жоқ...

Даусы бұрынғыдан бөсең шықты.

– Егер білгенімде... ант етемін... сол күні-ақ полицияға хабар берер ем.

Абылай оның жанарына ұзақ қадал-ды. Бұл – өтірік айтып отырған адамның емес, жылдар бойы өз ар-ұжданының алдында жауап іздеп жүрген жанның көзі еді.

Инспектор папканы жайлап жапты.

– Жарайды, келесі мәселеге көшейік.

Думан күрсініп, орындық арқалығы-на сүйенді.

– Сол түні Гүлзат пен Сандуғашты кабинетіңізге шақырдыңыз ба?

Үй иесі басын төмен салды.

– Иә.

– Неге?

– Ақыматтық... «Не істесен де сиым-ды, жарасады» деп ойлаған жас кезім... – Бөлмені тымырайған тыныштық кер-неді. – Олар келді. Бірақ көп отырмады. Мен... шектен шығыңқырап кеттім.

– Не істедіңіз?

– Есікті іштен жаптым.

Абылай қабағын түйді.

– Одан кейін?

– Гүлзат бірден ашуланды. Мені итеріп жіберді. Есікті ашып, екеуі жү-гіріп шығып кетті.

– Қуып бармадыңыз ба?

– Жоқ.

– Полицияға осыны неге айтпа-дыңыз?

Думан ащылау жымыды.

– Айтсам не болатынын білдім. Жұ-мысымнан айырылар едім. Жаман атым шыққанша... үндемегенді жөн көрдім.

Абылай орнынан баяу көтерілді.

– Сіз қыздарды өлтірген жоқсыз...

Еңсесі салбыраған егде жан мақұл-дай басын изеді.

– Бірақ... – Абылайдың даусы қа-тайып кетті, – сіздің кесіріңізден олар сол түні катерді іздеп, ажалдың аузына баруға мәжбүр болды.

Думан түнере томсарды.

– Егер сіз қыр соңдарынан қалмай қоймағаныңызда... Егер сіз қызметіңізді пайдаланып екі жас қызды қыспаққа алмағаныңызда... Егер олар сізден қор-ықпағанда... сырттан пана іздеп, қатер-ге бармаса еді.

Үй иесі тырс етіп тіл қата алмай көзін жұмды.

– Олар кабинетіңізден жүгіріп шыққаннан кейін үйіне қайтар еді.

Үнсіздік тағы созылды. Тек қабырға сағатының сыртылы естіледі. Бір кезде Думан екі алақанымен жүзін басты.

– Мен... осы сөзді жиырма үш жыл күттім... – Даусы қарлығып шықты. – Сол күні оларды мен өлтірген жоқпын.

Абылай үндемеді.

– Бірақ... – деді Думан, сөзін әрең жалғап. – Егер менің қылығым бол-мағанда... олар тірі жүрер еді...

Көзінен жас үзіліп түсті.

– Иә, сіз кісі өлтірген жоқсыз. Бірақ оларды сол түнгі қауіпке итерген бірін-ші адам – сіз болдыңыз.

– Осы ой мені өмір бойы мүжіп ке-леді.

Абылай оның жүзіне барлай қарап, папкасын жапты.

– Заң сізді бұл іс бойынша айыптай алмайды.

Халиметов басын көтермеді.

– Бірақ кейде адамның ең ауыр жа-засын сот емес, өз ар-ұжданы береді. – Инспектор есікке қарай беттеді. – Түсініксіз жайда қыздардың өмірі қиыл-ды. – Босағаға бөгелді, аз-кем іркілістен кейін, – ал сіз олардың сол түнгі тағ-дырын басқа арнаға бұрып жібердіңіз, – деді.

Есік баяу жабылды. А. Қайсен пә-терден шығып бара жатып, «Халиметов көп нәрсені жасырған. Бірақ мен іздеп жүрген шындық – бұл емес...» деген бір ғана ой түйді.

Думан орнынан тұрған жоқ. Терезе-ден құйылған кешкі күн сәулесі еденге ұзын көленке түсіріп жатты. Бөлмеде енді өзге ешкім қалмаған еді. Бірақ ши-рек ғасырға жуық өзі қашып жүрген үрейлі үкім дәл қасында отырғандай сезілді.

***(Жалғасы бар)***

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ

##### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

|                               |                                            |
|-------------------------------|--------------------------------------------|
| <b>Астана</b>                 | Айша Құрманғали<br>8 707 851 91 13.        |
| <b>Алматы облысы</b>          | Нұрбол Әлдібаев<br>8 701 357 66 84.        |
| <b>Ақтөбе облысы</b>          | Жансая Есмағанбетова<br>8 705 398 62 83.   |
| <b>Атырау облысы</b>          | Боранбай Ғалиев<br>8 775 543 03 80.        |
| <b>Маңғыстау облысы</b>       | Жазира Әбіл<br>8 702 514 54 44.            |
| <b>Қызылорда облысы</b>       | Гүлбану Мақажан<br>8 701 697 39 86.        |
| <b>Түркістан облысы</b>       | Сейітхан Құлмаханбетов<br>8 707 721 19 59. |
|                               | Шадияр Мекенбайұлы<br>87757335665          |
| <b>Батыс Қазақстан облысы</b> | Нұрлыбек<br>Рахманов<br>8 707 177 80 70.   |